

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ: 373.018.43:91(574)(043)

Қолжазба құқығында

САДЫҚОВА БАҒИЛА БИЖАНҚЫЗЫ

**Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік
дағдыларын қалыптастырудағы қашықтықтан білім беру
технологияларының мүмкіндіктері.**

8D01503 – География

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері
Есназарова Ұ.Ә.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор
Ейүп Артвинли
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

	МАЗМҰНЫ	
	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
	АНЫҚТАМАЛАР	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
	КІРІСПЕ	6
1	ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	11
1.1	География сабағында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың теориялық әдістемелік негіздері	11
1.2	Білім беру процесінде зерттеу дағдыларын қалыптастырудың қолданыстағы тәсілдері	22
1.3	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша география пәнін оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері, дидактикалық шарттары	34
2	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	44
2.1	Географиялық білім беруде қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың формалары мен тәсілдері	44
2.2	Білім алушының зерттеу дағдысын қалыптастыру процесіне ақпараттық білім беру ортасын интеграциялау	62
2.3	Қашықтықтан оқытудың заманауи технологиялары	69
2.4	Оқушыларды география пәні бойынша қашықтықтан оқытуға бейімдеу	85
3	ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	90
3.1	Қазақстан географиясын оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар құру әдістемесі	90
3.2	Нақты білім беру платформалары мен ресурстарды пайдалану тәжірибесі	95
3.3	Қашықтықтан оқыту технологияларының оқушылардың зерттеу дағдыларының деңгейіне әсерін зерттеу нәтижелері	106
3.4	Географияны оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануды оңтайландыру бойынша ұсыныстар	124
	ҚОРЫТЫНДЫ	128
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	130
	ҚОСЫМША	147

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер жасалған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 2007 жыл, 27 шілде. № 319-ІІІ (2014 жылдың 18 ақпандағы өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы».

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығына қосымша.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты президенттің Қазақстан халқына жолдауының негізгі ережелері (Астана, 14 желтоқсан 2012 ж).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

«ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2017 жылғы 25 қазанда № 545 (қосымша 16), 2013 жылғы 3 сәуірде № 115 бұйрығымен бекіткен (қосымша 205) негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына және 10-11 сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

АНЫҚТАМАЛАР

Қашықтықтан оқыту – бұл оқытушы мен білім алушы әртүрлі географиялық нүктелерде болатын және электронды байланыс құралдары арқылы бір-бірімен өзара әрекеттесетін оқыту түрі.

Қашықтықтан оқыту технологиялары – қашықтықтан оқытуды қолдау және жүзеге асыру үшін қолданылатын құралдар мен әдістердің кең ауқымы. Бұған вебинарлық платформалар, онлайн ынтымақтастық құралдары, цифрлық білім беру мазмұнын құруға және таратуға арналған платформалар және онлайн режимінде оқушылардың үлгерімін бағалау, бақылау әдістері және т.б. кіреді.

Зерттеу дағдылары – зерттелетін пәнге сәйкес ақпаратты іздеу, табу, жинақтау, талдау, түсіндіру және бағалау қабілеті.

ГАЖ (геоақпараттық жүйелер) — геокеңістіктік деректерді жинауға, сақтауға, талдауға және визуализациялауға арналған жүйелер.

Интерактивті карталар – интерактивті карта-бұл адам (пайдаланушы) мен компьютердің екіжақты диалогтық өзара іс-қимыл режимінде жұмыс істейтін және визуалды ақпараттық жүйе болып табылатын электрондық карта.

АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) – бұл ақпаратты өңдеу, сақтау және беру үшін қолданылатын барлық технологияларды қамтитын термин. Бұған компьютерлік жүйелер, желілік жабдықтар, бағдарламалық жасақтама, интернет және мобильді технологиялар кіреді.

Ақпараттық-білім беру ортасы – бұл білім беру процесін қолдауға арналған ақпараттық ресурстардың, технологиялардың және қызметтердің интеграцияланған жүйесі.

Цифрлық білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненті.

Инновация - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс жарату.

Педагогикалық технология – дара тұлғаны қалыптастыруға педагогикалық ықпалдарды ұйымдастыру қажеттілігінен туындаған өзара байланысты процестер.

Жобалық оқыту – өз бетімен белсенді істер атқаратын оқушының өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер беретін технология.

Эмпирикалық зерттеу - бұл гипотезаны немесе зерттеу сұрағына жауапты тексеру үшін бақылаулардан немесе эксперименттерден нақты деректерді жинауға және талдауға негізделген зерттеу әдісі.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

ЖОО – жоғары оқу орны

ГАЗ – географиялық ақпараттық жүйелер

ЦББО – цифрлық білім беру ортасы

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қашықтықтан білім беру технологиялары бүгінгі таңда білім беру процесінде, оның ішінде Қазақстан географиясын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Білім беруде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін жаңа инновациялық технологияларды қолданудың өзектілігі төмендегідей факторларды қамтиды:

Ақпаратқа қол жеткізу: Интернет арқылы Joо.kz платформасындағы сабақтарға, ондағы ақпараттар, бейнематериалдарға, кез келген уақытта, кез келген жерде қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Оқушылар тақырыптарға қатысты сабақтарды қайталап көру арқылы, ақпаратты өз бетінше зерттей алады, бұл зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Интерактивті білім беру платформасы: Қазақстанның географиялық нысандары бойынша виртуалды экскурсияларды, интерактивті карталарды және басқа да білім беру ойындарын қолдана отырып, өз елінің географиялық ерекшеліктерін зерттеп, танысу арқылы басқа географиялық аумақтармен салыстырып талдау жасайды.

Бірлескен оқыту: Қашықтықтан оқыту технологиясы оқушыларға қашықтыққа қарамастан икемді режимде ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Бұл топтық ғылыми жобаларды жүзеге асыруда маңызды коммуникативті және бірлескен дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ): Қазақстан географиясын оқытуда ГАЗ қолдану оқушыларға кеңістіктік деректерді талдауға, карталар жасауға және географиялық процестерді модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл оларға аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға және аймақтың географиясымен байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі.

Оқытуды даралау: қашықтықтан оқыту технологиясы білім беру процесін оқушылардың жеке қажеттіліктеріне икемді бейімдеуге мүмкіндік береді. Әркім өз қызығушылықтары мен дайындық деңгейіне сәйкес зерттеу тақырыптарын таңдай алады.

Қазіргі әлемде қашықтықтан білім беру технологиялары оқу жүйесінде маңызды орын алып қана қоймай, оқушылардың дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың жаңа перспективаларын ашады. Атап айтқанда, Қазақстанның географиясын зерделеу кезінде қашықтықтан оқыту әдістері оқушыларды оқыту процесіне белсенді тарту және зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін көп мүмкіндіктер береді [1].

Ақпараттық технологиялар мен интернет-ресурстардың дамуымен оқушылар электрондық материалдарға, географиялық карталарға, статистикалық деректерге және көрнекі ресурстарға қол жеткізе алады. Электрондық платформалар нақты уақыт режимінде оқытуға, ақпарат алмасуға және оқытушылармен әр түрлі мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Бұл белсенді білім беру қызметіне ықпал етеді.

Қашықтықтан оқытудың маңызды аспектілерінің бірі – әр оқушының білім деңгейіне және қызығушылықтарына бейімделген жеке білім беру жолдарын құру мүмкіндігі. Бұл өз елінің географиясын терең түсінуді

калыптастыруда қажет тәуелсіздік пен зерттеушілік ойлауды дамытуда маңызды.

Сонымен қатар, қашықтықтан білім беру технологиялары виртуалды экспедициялар, онлайн жобалар және ұжымдық зерттеулер жүргізу үшін мүмкіндіктер ашады. Бұл қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға нақты географиялық мәселелерді шеше отырып, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға жол ашады [1, 165 б].

Осылайша, қашықтықтан білім беру технологиялары оқушылардың Қазақстан географиясын зерделеу кезінде олардың белсенділігін, дербестігін және пәнге деген қызығушылығын ынталандыра отырып, зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін қажет.

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығына сәйкес төмендегі себептер орын алған жағдайда Қашықтықтан білім беру жүзеге асырылады [2]:

Төтенше жағдайлар жарияланған, карантин енгізілген, ауа райының қолайсыз жағдайларында қашықтан оқыту барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

Сонымен қатар денсаулық жағдайы бар білім алушыларға; халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушылар үшін; ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің өтініші бойынша белгілі бір кезеңге арналған педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңестің шешімімен қашықтықтан оқыту мүмкін болған жағдайда қолдануға ұсынуға болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасындағы» маңызды бір міндет — қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім сапасындағы алшақтықты азайту.

Осы бағдарлама аясында шағын жинақты мектептер мен ауыл мектептеріне біздің әдістемені енгізу арқылы, оқушыларды сапалы география контентпен қамтамасыз етуге болады.

Зерттеудің мақсаты: Қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктерін қолдану арқылы, Қазақстан географиясын оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған авторлық әдістемені әзірлеу.

Зерттеу нысаны: Географиялық білім беру шеңберінде оқушылардың зерттеу дағдылары және оқыту процестері.

Зерттеу пәні: Қазақстан географиясын зерделеу кезінде зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы қашықтықтан білім беру технологиялары.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

Жалпы орта білім беретін мектепте

- География пәнін оқытуда оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық әдістемелік негіздерін зерттеу;

- Географиялық білім беруде қашықтықтан білім беру технологияларының түрлерін және мүмкіндіктерін талдау;
- Қазақстан географиясын қашықтықтан оқытатын, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған әдістеме әзірлеу;
- Қашықтықтан оқыту технологияларының оқушылардың зерттеу дағдыларының деңгейіне әсерін зерттеу, тәжірибелік эксперимент нәтижелерін ұсыну;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Авторлық әдістемені әзірлеу: қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, Қазақстан географиясын зерделеу үшін арнайы бейімделген, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған интерактивті оқу материалдарын, онлайн сабақтар мен тапсырмаларды қамтитын әдістеме.

Инновациялық технологияларды интеграциялау: Қазақстанның географиясын оқыту процесінде зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында теориялық материал мен виртуалды карталарды, геоақпараттық жүйелер т.б. жаңа технологияларды пайдалануға бағытталған.

Эмпирикалық зерттеу: оның тиімділігін және оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға әсерін бағалау мақсатында тәжірибеде жаңа әдістемені пайдалана отырып, эмпирикалық зерттеу жүргізеді. Бұл оқу деректерін талдауды, оқушылардың сауалнамаларын және оқу процесін бақылауды қамтиды.

Контекстік талдау: зерттеу сонымен қатар оқу бағдарламаларының ерекшеліктерін, технологиялар мен оқыту ресурстарының қолжетімділігін, сондай-ақ оқытушылардың қажеттіліктері мен үміттерін қоса алғанда, Қазақстандағы білім беру контекстін талдауды қамтиды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы:

Жұмыстың теориялық маңыздылығы географиялық білім беру контекстінде қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері туралы ғылыми білімді кеңейту болып табылады. Практикалық маңыздылығы Қазақстан географиясын зерделеу кезінде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді пайдалануға ықпал ететін ұсыныстар мен әдістемелерді әзірлеу.

Жалпы жұмыс қашықтықтан білім беру технологияларының зерттеу дағдыларын қалыптастыруға әсерін теориялық талдауды ұсынады және іс жүзінде қазіргі заманғы технологияларды пайдалану арқылы Қазақстан географиясын оқыту процесін оңтайландыру бойынша мұғалімдер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге ұсыныстар ұсынады.

Әдіснамалық негіздері: Соңғы жылдары қашықтықтан оқытудың әртүрлі аспектілерін қарастыратын бірқатар жұмыстар пайда болды. Қашықтықтан білім беру технологияларын оқу процесіне енгізудің теориялық негіздері мен әдістемелік ерекшеліктері туралы М.А. Султанов, Б.Л. Тиышбаев, Е. С. Полат, Э.С. Сергазинова, А.Д. Онгарбаева, А. Lionarakis, R. Garrison және т.б. зерттеп жазды.

Қашықтықтан оқыту (немесе онлайн оқыту) – бұл оқушылар мен оқытушылар әртүрлі жерлерде интернет, бейнеконференциялар, электрондық пошта және басқа технологиялар сияқты байланыс құралдары арқылы өзара әрекеттесетін білім беру түрі. Онлайн оқыту дәстүрлі оқуға қарағанда физикалық қатысуды қажет етпестен білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Сондықтан Қашықтықтан оқытудың дамып келе жатқан технологиялары дидактика саласындағы іргелі зерттеулерге негізделуі маңызды. Оқу процесінің әртүрлі аспектілері М.Ж. Аимова, А.Қ. Тұрғазы, А.А. Артюхов, Э.М. Амбарцумова, Е. А. Крючкова, J.T. Clark, M. Simonyan, S.M. Vasek, S. Smaldino және т. б. зерттеулері арналған.

Қазақстан географиясы пәнін оқыту әдістері Қазақстандық ғалымдар Ұ.Ә. Есназарова, А.С. Бейсенова, А. Бірмағамбетов, Е.У. Жамалбеков, М.Ж. Жандаев, Г.М. Джаналиева, Г.А. Куанышева, А.Н. Бейкитова, Е.Н. Вилесов, С.А. Құсайнов еңбектерін басшылыққа алына отырып жасалынды. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазылған Қазақстандық оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары К.Д. Каймулдинова, Б.Ш. Әбдіманапов, С. Әбілмәжінова, Р.Ә. Қаратабанов еңбектері пайдаланылды.

Қазіргі әлемдегі өмір адамнан тез және стандартты емес шешімдер қабылдауды, жаңа жағдайларға бейімделуді талап етеді. Қоғамға өз бетінше және сыни тұрғыдан ойлайтын, мәселені көріп, оны шығармашылықпен шеше алатын адам қажет. Бұл мақсатқа оқушыларды әртүрлі зерттеу дағдыларымен қаруландыру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеуге арналған зерттеулердің көптігін көрсетеді.

Сонымен, мектептегі зерттеу қызметінің маңыздылығы туралы Сабирова Э.Г., Веселова Ю.Ю., Тастемір У, Бердыгулова Г, Кендірбай А.М., Турганбаева А.А. т.б. өз жұмыстарында атап өтті. Әр түрлі жастағы балалардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастырудың психологиялық негіздерін А.Н. Поддяков, А. И. Савенков, О.В. Муромцева және т.б. сипаттаған.

Оқушылардың зерттеу қызметін дамытудың теориялық, дидактикалық, әдістемелік негіздері Л.А. Казанцева, Г.В. Макотрова, Е.А. Румбешт, М. Маратқызы, К.И. Омарова, Ж.Т. Сүйіндікова, Г.К. Баубекова еңбектерінде келтірілген.

Оқытуда заманауи ақпараттық-білім беру ортасын құру мен пайдаланудың дидактикалық мәселелері О.А. Ильченко, С. Пейперт, И.В. Роберт және басқалардың еңбектерінде ашылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

- «Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері» әдістемесі оқушыларға өздеріне икемді уақытта білім алуға, білімін жетілдіруге, біліміндегі олқылықтардың орнын толтыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді;

- оқушының креативті ойлау, іздену, талдау, ұсыну қабілетін арттырып, идеялары мен білімін өмірде қолдана алу дағдыларын қалыптастырады;

- оқушыға кез-келген жерде, кез-келген уақытта туған өлкенің географиясын оқуына жағдай жасайды;

- төтенше жағдай (жер сілкінісі, су тасқыны т.б.), карантин енгізілген, ауа райының қолайсыз жағдайларында және оқушылардың халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысу кезінде география пәнін қашықтан оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 10 ғылыми еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1 Scopus деректер қорына енетін журналда, 3 мақала ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 баяндама Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 баяндама Түркия елінде өткен «Географиялық білім» конгресінің жинағында жарияланды. Әдістемелік көмекші құрал ретінде 1 жұмыс дәптері әзірленді, 1 әдістемені енгізу акты алынды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Жұмыс кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Бет саны - 146, кесте - 9, сурет - 19, қосымша - 2, әдебиет көздері - 216. Қолданылған әдебиеттер тізімінде әр түрлі ақпарат көздері бар, соның ішінде электрондық ресурстар мен интернет ресурстары.

1 ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 География сабағында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың теориялық әдістемелік негіздері

Соңғы жылдары отандық білім беру тәжірибесінде болған өзгерістер қазіргі заманғы білім берудің негізгі міндеттерінің бірі ретінде білім берудің жаңа, заманауи сапасына қол жеткізуді алға тартады. Білім берудің жаңа сапасы дегеніміз – баланың жеке басының дамуына, оның танымдық және шығармашылық қабілеттеріне назар аудару. Мектеп түлегі нақты еңбек немесе оқу жағдайларында өз бетінше және жауапты жұмысқа дайын болуы керек. Еңбек әлемі және болашақ кәсіби қызмет одан жұмыс пен өмірге қажетті қалыптасқан қасиеттерді талап етеді: белсенділік, ойлау икемділігі, тұрақты оқуға қабілеттілік, әлеуметтік және кәсіптік салада бейімделу және т. б. Жалпы білім беретін мектеп әмбебап білім мен дағдылардың жаңа жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік қызметі мен жеке жауапкершілігінің тәжірибесін, яғни қазіргі заманғы негізгі құзыреттерді қалыптастыруы керек. Қазіргі мектепте құзыреттілік тәсіл қоғамның білімді ғана емес, сонымен бірге өз білімін қолдана алатын адамдарды даярлаудағы саналы қажеттіліктің көрінісі болып табылады.

Негізгі құзыреттер – қазіргі білім беру нәтижесінің парадигмасы: құндылық-семантикалық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбек және жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттері.

Құзыреттілік тәсіл білім беру процесі мен оның тұжырымдамасын біртұтас тұтастыққа біріктіруді қамтиды. Оның барысында оқушының жеке ұстанымы, оның өз қызметінің тақырыбына қатынасы қалыптасады. Бұл тәсілдің негізгі идеясы – білім берудің негізгі нәтижесі жеке білім, дағдылар емес, адамның әртүрлі әлеуметтік маңызды жағдайларда тиімді және өнімді іс-әрекетке қабілеттілігі мен дайындығы. Осыған байланысты құзыреттілік тәсіл шеңберінде білімнің қарапайым «көлемін ұлғайту» емес, қызметтің жан-жақты тәжірибесін алу маңызды болып табылады [3, 123 б].

Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру кезінде оқу сабақтары оқушылардың қойылған сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу дағдыларын игеруіне ықпал ететіндей етіп жоспарланады. Ол үшін фактілерді талдау, жалпылау және логикалық қорытынды жасау қажет. Оқушыларда талдау, синтез, абстракция, жалпылау операциялары жасалуы керек. Мұндай операциялар оқытудағы құзыреттілік тәсілдің негізін құрайды.

Мектептегі білім беру процесінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқушылардың іс-әрекет тәжірибесінің пайда болуы үшін жағдайлар жасалатын оқытудың осындай педагогикалық технологиясын қолдану қажет: оқушы көп жағдайда өз бетінше жұмыс істейді және жоспарлауды, ұйымдастыруды, өзін-өзі бақылауды және өз іс-әрекеттерін және тұтастай бағалауды үйренеді. Осы оқу мәселелерін шешуде жетекші орын келесі әдістерге жатады [4, 118 б]:

- оқушылардың белсенді, дербес және бастамашыл ұстанымын қалыптастырады;
- жалпы білім беру дағдыларын дамытады: зерттеу, рефлексивті, өзін-өзі бағалау;
- олар тек дағдыларды ғана емес, құзыреттерді де қалыптастырады, яғни практикалық қызметте қолдану тәжірибесімен тікелей байланысты дағдылар;
- оқытуды өмірмен байланыстыру принципін жүзеге асырады.

Заманауи қоғамда ғылыми білім өмірдің көптеген салаларында маңызды рөл атқарады. Осымен байланысты ғылыми білімге, әсіресе мектепте көбірек көңіл бөлінеді.

Жобалық-зерттеу қызметін жүзеге асыру бүгінде қоғамдағы тәрбие, білім беру және даму міндеттерін кешенді шешудің қуатты құралы ретінде қызмет ететін тиімді инновациялық білім беру технологиясы ретінде қарастырылады. Оқу мақсаттары мен міндеттерінен басқа, мұғалімдер өз жұмысында оқушылардың алдына жобалау-зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін міндеттер қояды. Қазіргі уақытта білім алушының оқу тәжірибесі үшін жауапкершілігін тәрбиелеу, шешім қабылдау, сондай-ақ одан әрі білім алу маңызды бола түсуде [5, 32 б].

Білім беру жүйесінің проблемаларын шешудің мүмкін тәсілдерінің бірі оқушылардың зерттеу қызметі болып табылады. Қазіргі әлемде ғылыми зерттеулер қоғамның дамуында және жаңа білімнің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың маңыздылығы даусыз, ал география оқу пәні ретінде оқу қызығушылығын оятуға және сыни ойлауды дамытуға тамаша алаң ұсынады. География сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын тиімді қалыптастыру үшін бірқатар психологиялық-педагогикалық негіздерді ескеру қажет.

Оқу-зерттеу қызметінің идеясы XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басында қалыптасып, шетелде практикалық іске асырылды. Неміс ағартушысы Георг Кершенштейнер мен американдық философ Джон Дьюидің тәжірибесі бұл әдісті зерттеуге ерекше қызығушылық тудырады.

Азаматтық тәрбие теоретигі Георг Кершенштейнер еңбек мектебі идеясын оқыту құралы ретінде ұсынды. Кершенштейнер зертханалық және шығармашылық жұмыстарды, сондай-ақ зертханалар мен шеберханаларда жүргізілетін зерттеу жұмыстарын енгізу арқылы оқыту әдістері мен шарттарын өзгертті. Ол оқушылар практикалық іс-шаралар мен зерттеулер арқылы білім алуы керек, ал бұл олардың дағдылары мен білімдерін нақты жағдайда дамытуға көмектеседі деп есептеді [6, 119 б].

Джон Дьюи келесі шарттарға негізделген дидактикалық жүйені жасады:

- 1) Оқушылардың белсенділігі мен танымдық тәуелсіздігін дамыту: оқушылар оқу процесінің белсенді қатысушылары болуы, зерттеу жұмысына қатысуы керек.
- 2) Проблемалық оқыту: «ойлаудың толық актісі» тұжырымдамасына негізделген, оның кезеңдері:

- Қиындықты анықтау;
- Негізгі гипотезаны және оны шешу үшін анықтамаларды әзірлеу;
- Қорытынды жасау;
- Гипотезаны логикалық тексеру;
- Қосымша бақылаулар мен эксперименттер арқылы гипотезаны қабылдау немесе жоққа шығару [7, 232 б].

Екі мұғалім де оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуының және білімді практикалық қолданудың маңыздылығын атап өтіп, оқу-зерттеу іс-әрекетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Кершенштейнер оқытудың практикалық және шығармашылық аспектілеріне назар аударды, ал Дьюи проблемалық оқытуға, оқушыларды өз бетінше ойлауға және зерттеуге ынталандыратын жүйелі тәсілді әзірледі.

Дьюидің прогрессивизм идеяларын түбегейлі енгізу американдық педагогтар Елена Паркхерст пен Уильям Килпатрик әзірлеген «жобалар әдісі» оқыту жүйесі және оның «Дальтонплан» нұсқасы болды. Осы әдіске сәйкес оқушылар «жобаларды» – оқу материалына байланысты нақты тапсырмаларды орындады. Мұнда теориялық білім көлемі тар болды, бірақ практикалық нәтижелер мен оқытудың нақты өнімділігі айқын болды. Дальтон жоспарының мақсаты – оқушылардың тәуелсіздігін, жауапкершілігін және өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құру. Бұл оқыту жүйесі оқушылардың білім беру процесінің белсенді қатысушылары болатын жағдайларды жасауға тырысады, ал бұл олардың дағдылары мен білімдерін тиімдірек дамытуға мүмкіндік береді. Дальтон жоспарын іске асыруда басты назар жинақталған білімнің санынан сол білімдерді балалардың еркін шығармашылық қызметі нәтижесінде зертханаларда, шеберханаларда алуының барысына аударылады. «Дальтон жоспарының мәні – балалардың бойында өз күшімен зерттеу жүргізу дағдысын тәрбиелеуге күш салу...» [8, 527 б].

Келесі кезеңде АҚШ, Англия және басқа да шет елдерде оқытудағы зерттеу қызметі туралы идеяларды дамыту екі бағытта жүрді. Бірінші бағыт – тұжырымдаманы эвристикалық пайымдауға дейін азайту, екіншісі – жаратылыстану пәндерін оқытуға қолданылатын зерттеу әдісін терең дамыту. АҚШ-та зерттеу әдісінің кең таралуы XX ғасырдың 50-жылдарымен сәйкес келді. Бұл тұрғыда американдық психолог Дж. Брунердің «жаңалық аша отырып оқыту» тұжырымдамасын қарастыруға болады. «Оқу үдерісі» атты еңбегінде ол былай деп жазады: «Біз баланы белгілі бір ғылыми принциптерді есте сақтау үшін емес, оны білім іздеуге белсенді қатысуға үйрету үшін үйретеміз» [9, 17 б]. Оқытудың ең тиімді әдісі – оқушылардың білімін өз бетінше ашу. Онда мұғалім тапсырмаларды дайын түрде бермейді, бірақ оларды өз бетінше іздеуге бағыттайды. Шығармашылық және ғылыми ізденіс арқылы оқушылар әлемді біліп, білім мен дағдыларды игеруі керек. XX ғасырдың ортасында педагогикалық эвристика идеяларын қамтитын Д.Пойаның еңбектері жарық көрді. Ол ғылымды эвристикалық әдіспен — зерттеу және жаңалық ашу арқылы зерттеу әдісін ұсынды. Қазіргі уақытта

шетелдік мектептердегі зерттеу қызметі оқушылар орындайтын әртүрлі жобалық тапсырмаларда көрінеді.

XVIII ғасырдың басында-ақ Ресей ғалымы М.В. Ломоносов оқушылардың өзіндік жұмыстарын енгізу және дәрістермен қатар ғылыми еңбектерді өз бетінше зерттеу қажеттілігін атап өтті. Ол бұл әдіс оқушыларға ғылыми деректерге саналы түрде қарауға мүмкіндік береді деп сенді [10, 21 б]. Ағартушы және алғашқы балалар журналының негізін қалаушы Н.И. Новиков алғаш рет XVIII ғасырда оқытуға зерттеу әдістерін енгізуді жақтады. Н.И. Пирогов, Н.Г. Чернышевский, Д.И. Писарев, Н.А. Добролюбов, К.Д. Ушинский және т.б. сияқты Ресейдің қайраткерлері мен педагогтары зерттеу қызметінің теориялық негіздемесіне айтарлықтай үлес қосты. Олар оқушылардың тәуелсіздігін, ғылыми ойлау қабілеті мен шығармашылық белсенділігін дамыту қажеттілігін атап өтті. Н.И. Пирогов мұғалімдерге оқушылардың ойларын ояту және олардың ойлауын дамыту, өзіндік жұмыс дағдыларын үйрету қажет екенін атап өтті [11, 382 б]. Д.И. Писарев балалардың ойшылдар сияқты құбылыстарды өз бетінше зерттей алуының маңыздылығы туралы жазды [12]. К.Д. Ушинский өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтай отырып, оқушылардың өзіндік іс-әрекеті кез-келген табысты оқытудың негізі болып табылады деп тұжырымдады [13, 78 б]. Ол сондай-ақ балаларға ақыл-ой еңбегін үйрету қажеттілігі туралы жазды және баланы оған дайын білім берудің орнына оқуға үйрету маңызды екенін атап өтті.

Оқушылардың зерттеу қызметінің психологиялық ерекшеліктері А.В. Брушлин, Л.С. Выготский, В.А. Крутецкий, Ю.Н. Кулюткин, А.М. Матюшкин, Я.А. Пономарев, С.Л. Рубинштейн, Л.М. Фридман, А.Ф. Эсаулов және т. б. еңбектерінде көрсетілген. Зерттеу қызметін оқыту әдісі ретінде Д. Брунер, Д. Дьюи, Д. Зухман, И.Я. Лернер, И.М. Махмутов, М.Н. Скаткин, Д. Шваб және т. б. қарастырды. Ғалымдар іс-әрекетті игерудің және дағдыларды қалыптастырудың көптеген заңдылықтарын зерттеп, анықтады.

Оқушылардың зерттеу қызметін педагогтар танымдық мотивацияны дамытудың тиімді әдісі ретінде қарастырады. Бұл оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етіп, олардың тәуелсіздігін, сыни және шығармашылық ойлауын дамытады. Б.П. Есипов, М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер және А.И. Савенков сияқты ғалымдардың еңбектері білім беру практикасында осы тәсілдің маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді.

Оқушыларды зерттеу қызметіне қосу идеясы жаратылыстану-ғылыми білім беру мақсаттарына жетудің ең тиімді құралы болып табылады. А.И. Савенков зерттеу қызметі деп іздеу әрекетін белсендіру кезінде әрекет ете бастайтын, зерттеушілік мінез-құлыққа негізделген шығармашылық және зияткерлік қызметтің ерекше түрі ретінде түсінеді. Сонымен қатар, ол мектептерде дәстүрлі және ғылыми оқыту әдістері арасындағы қақтығыс жылдар бойы жалғасып келе жатқанын атап өтті [14, 176 б]. Дәстүрлі оқыту тәуелсіз, шығармашылық зерттеу-іздеу әдістеріне емес, дайын, біреудің өндірген шындықтарын игеруге бағытталған репродуктивті іс-әрекетке негізделген. Осы оқытудың арқасында бала зерттеу мінез-құлқының басты

ерекшелігі – іздеу белсенділігін айтарлықтай жоғалтады. Нәтижесінде қызығушылықтың және өз бетінше ойлау қабілетінің жоғалуы, салдарынан өзін-өзі оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту процестері мүмкін емес болады. Мектеп жұмысының қазіргі кезеңінде, оның негізгі міндеттерінің бірі – тез өзгертін қоғамға бейімделе алатын тұлғаның дамуы үшін жағдай жасау, оқытудың негізгі қағидасы балалардың ішкі әлеміне, олардың мүдделері мен қажеттіліктеріне назар аудару, олардың қабілеттерін дамыту болып табылады. Мектептегі оқытудың барлық кезеңдерінен өткеннен кейін түлек ойлаудың ерекше түрін — зерттеушілік және шығармашылық ойлауды құра отырып, қоршаған әлемді түсінудің жаңа тәсіліне ие болуы маңызды. Осыған байланысты білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қамтамасыз ету мәселесі туындайды, онда балалардың қабілеттерін, зерттеу дағдыларын дамытуға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мектеп кеңістігін құруға баса назар аударылады.

Н.Ф. Талызина зерттеуді жаңа білім процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі ретінде анықтайды. Зерттеу объективтілік, репродуктивтілік, дәлелділік және дәлдікпен сипатталуы керек [15].

А.В. Леонтович пен С.А. Обухов оқушылардың зерттеу қызметінің мақсаттарын, функцияларын, кезеңдерін, нәтижелерін әзірлеуге үлкен үлес қосты. Олар оқу зерттеуінің мәнін және оның оқушылардың дамуы үшін маңыздылығын жеткілікті түрде анықтады.

А.С. Обухов өз зерттеулерінде зерттеу қызметі оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттесуін қамтитынын атап өтті [16]. Зерттеудің негізгі міндеті – өзара әрекеттесудің әртүрлі кезеңдерінде ақпарат алмасу процесінде пайда болатын сұраққа жауап табу. Бұл процестің нәтижесі мектеп оқушыларының дүниетанымы мен зерттеу ұстанымын қалыптастыру болуы керек.

Зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздерін А.В. Леонтович пен А.С. Саввичев толығымен ұсынды. Олар зерттеушілік ойлау дағдылары туралы идеялардың негізінде көрнекті отандық психологтардың идеялары жатыр деп есептейді: Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы, И.Я. Лернердің проблемалық оқыту идеялары, В.В. Давыдовтың дамытушылық оқыту тұжырымдамасы, Н.Г. Алексеевтің рефлексивті ойлау теориясы, В.И. Слободчиковтың онтогенезіндегі субъективтіліктің дамуы туралы идеялар. Авторлар аталған зерттеушілердің идеяларын еңбектерінде ашып көрсетеді.

Баланың даму идеясы негізінде, егер оқуда жақын даму аймағы болса (Л.С. Выготский), оқушылардың зерттеу қызметін бастапқы ұйымдастырушынымен ынтымақтастық пен әлеуметтік өзара әрекеттесу (басқалармен қарым-қатынас және жолдастарымен, сондай-ақ мұғаліммен ынтымақтастық) принциптеріне негізделуі керек. Яғни, оқушылар бастапқыда жеке зерттеуге емес, топтық зерттеуге қатысуы керек. Топтық жұмыс оқушыларға жақын даму аймағында дамуға, мұғалімдер мен құрдастарынан қолдау мен басшылық алуға, маңызды әлеуметтік және когнитивті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді [17].

Зерттеу барысында оқушылар себеп-салдарлық байланыстарды тіркеуге, процестердің даму нәтижелерін белгілеуге, мазмұнды жалпылау жүргізуге үйренеді. Бұл жағдайда В.В. Давыдовтың зерттеулеріне сәйкес оларда теориялық ойлауы қалыптасады. Давыдов Л.С. Выготскийдің идеяларын дамытып, балалардағы теориялық ойлауды қалыптастыру процесін түсінуге айтарлықтай үлес қосты.

А.В. Леонтович зерттеу қызметін оқушылар алдын-ала белгілі шешімдерсіз шығармашылық зерттеу мәселелерін шешетін процесс ретінде анықтайды [18]. Зерттеу қызметі ғылыми зерттеулерге тән негізгі кезеңдерді қамтиды: проблеманы тұжырымдау, осы тақырып бойынша теориялық базаны зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау және оларды іс жүзінде игеру, өз деректерін жинау және талдау, сондай-ақ өз қорытындыларын тұжырымдау. Ғылым саласына қарамастан, зерттеу осы құрылымға сәйкес келеді. Мұндай дәйектілік зерттеу қызметінің ажырамас бөлігі және оны жүргізу стандарты болып табылады.

В.И. Слободчиков әр түрлі жастағы оқушылармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған кезде қатысушылардың функцияларын олардың жас тобына қарай бөлу маңызды деп санайды. Яғни, орта сынып оқушылары мен жоғары сынып оқушыларының зерттеу қызметі олардың функциялары бойынша әр түрлі болуы керек. Сол автордың пікірінше, зерттеу қызметі баланың субъективтілігін құру құралы болып табылады. Бұл зерттеу жұмыстарына қатысу балаларға тәуелсіздік, бастамашылдық, сыни ойлау және шешім қабылдау қабілеті сияқты жеке қасиеттерін дамытуға және нығайтуға көмектеседі дегенді білдіреді [19, 215 б]. Бала зерттеу жұмыстарымен айналысқанда, ол жай ғана пассивті ақпарат алушы емес, таным процесінің белсенді қатысушысы болады. Ол сұрақтар қоюды, жауап іздеуді, нәтижелерді талдауды және қорытынды жасауды үйренеді. Бұл бүкіл процесс баланың қоршаған әлемге әсер ете алатын және оның әрекеттері мен олардың салдарын түсіне алатын субъект ретіндегі рөлін түсінуге ықпал етеді. Осылайша, зерттеу қызметі баланың саналы, жауапты және тәуелсіз адам болуына көмектеседі. Дәл осындай идея И.Я. Лернердің зерттеулерінде бар. Зерттеу қызметіне қатысқан кезде оның қатысушысы субъект ретінде күшті дамиды деп санайды. Зерттеу процесінде зерттеу мәселелерін шешуде оқушы алдыңғы тәжірибені қайта құрудан өтеді. Яғни, оқушы бұрын алған білімі мен дағдыларын жаңа тапсырмалар мен ақпараттар тұрғысынан қайта қарастырады. Бұл процесс жаңа деректер мен тәсілдерді біріктіруге мүмкіндік береді, нәтижесінде жаңа, жеке маңызды білім пайда болады.

Бірқатар зерттеушілер, атап айтқанда Н.Г. Алексеев, зерттеу қызметі барысында оқушылар рефлексивті ойлау дағдыларын тиімді қалыптастырады, ал бұл оларға өз әрекеттерінің тиімділік моделін ұсынуға мүмкіндік береді деп санайды [20]. Бұл оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың ғана емес, сонымен қатар оны талдау мен интроспекцияның маңыздылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу қызметін ұйымдастырған кезде оқушылардың әртүрлі жас топтарындағы функцияларының айырмашылығын ескеру қажет. А.В. Леонтович және А.С. Саввичев оларды келесідей сипаттайды [21]:

- мектепке дейінгі білім беруде және бастауыш мектепте – танымдық қызығушылықты дамыту және оқу іс-әрекетіне мотивацияны қалыптастыру құралы ретінде оқушылардың зерттеушілік мінез-құлқын сақтау;
- орта сыныптарда – оқушылардың оқу жоспары пәндері мен қосымша білім беру жүйесі шеңберінде зерттеу қызметінің элементтерін қолдану негізінде зерттеу ұстанымын игеру, оқу қызметінде өз бетінше мақсат қою және оған қол жеткізу қабілетін дамыту;
- жоғары сыныптарда – бейіндік оқытудың негізі ретінде зерттеу құзыреттілігі мен кәсіптік дағдыларды дамыту;
- қосымша білім беруде – икемді білім беру бағдарламалары мен жеке сүйемелдеу жағдайында білім алушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін олардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес дамыту үшін жағдайлар жасау;
- кәсіптік білім беруде – зерттеу құралдарымен білім алушылардың талдамалық және болжамдық қабілеттерін дамыту арқылы кәсіптік жобалау қызметінің мәдениетін арттыру;
- кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде – оқу зерттеулерін қолдану және оқушылармен зерттеу жұмыстарын іске асыру мәдениетін қалыптастыру негізінде педагогикалық қызметті шығармашылық жобалау дағдыларын дамыту.

Әр түрлі жастағы зерттеу қызметінің функцияларының белгіленген айырмашылығына сүйене отырып, оны ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін жасауға және әр жас үшін белгілі бір нәтижелерге назар аударуға болады.

М.В. Кларин білім беру процесін, соның ішінде ғылыми зерттеуді немесе жаңа білімді іздеуді модельдеу керек дейді. Ғылыми-зерттеу жұмысы оқушының мәселені өз бетінше анықтайтынын және шешетінін, оны шешу жолдарын іздейтінін, алынған деректерді талдау арқылы гипотезаларын тексеретінін, қорытынды жасайтынын және алған дағдыларын одан әрі іс-әрекетте қолданатынын көрсетеді [22].

М. М. Рубинштейн сонымен қатар зерттеу қызметінің мәселесіне үлкен мән берді. Ол зерттеу әрқашан теориялық болмауы керек және міндетті түрде жаңа нәтижелерге әкелуі керек екенін атап өтті. Ол зерттеу сынақ екенін және бұл жағдайда тек зерттеушіге ғана сынақтың зерттеу болып қала беретінін атап өтті [23].

Педагог-психолог ғалымдардың еңбектеріне назар аудара отырып, біз оқу және зерттеу қызметін оқушылардың алдын-ала белгілі нәтижелері жоқ зерттеу және шығармашылық міндеттерді шешуімен тікелей байланысты процесс ретінде қарастыруды ұсынамыз.

Қазақстанның географиясына арнайы зерттеулер жүргізген А.С. Бейсенова (Қазақстанның физикалық зерттеу тарихы), Ұ.Ә. Есназарова (Қазақстанның физикалық географиясы), А. Бірмағамбетов («Табиғаттану»

оқу курстары және Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне арналған «Физикалық география» бастауыш курсы, М.Е. Белгібаев, Е.У. Жамалбеков (Қазақстан топырақтарының географиясын зерттеу), Г.В. Гельдыгаева, Л.К. Вилесов (Қазақстанның ландшафтарын зерттеу), М.Ж. Жандаев, С.А. Құсайнов (Қазақстанды геоморфологиялық зерттеу), Г.М. Жаналиева, Е.Н. Вилесов, А.А. Науменко (Қазақстанның физикалық географиясы ЖОО арналған оқулық), Ж. Достайұлы, М.Х. Сәрсенбаев (Қазақстанның су ресурстарын зерттеу және оларды шаруашылық пайдалану), М.И. Ишанқұлов (Қазақстан өзендері атырауының ландшафтарын зерттеу), А. Медеуов (Қазақстанның таулы аймақтары мен сел қаупі бар аумақтарының геоморфологиясы), А.В. Чигаркин (Қазақстанның геоэкологиясы), Е. Ахметов (Қазақстан географиясын оқыту әдістемесі), К.М. Баймырзаев (Қазақстанның табиғи ресурстарын экономикалық-географиялық бағалау), С.Е. Ердәулетов (Қазақстанның туризмінің географиясы), Ш.М. Надыров, Б.Ш. Абдиманапов (Қазақстанның экономикалық географиясы) т.б. ғалымдар.

Қазіргі уақытта оқушыларға зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру, белсенді өмірлік ұстаным, салауатты өмір салты мәдениеті, сондай-ақ қоғамға бейімделу және шығармашылық өзін-өзі көрсету үшін қажетті қызмет саласын ұсыну қажеттілігі ерекше маңызды.

Жоғарыда сипатталған ережелерге сүйене отырып, ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаты білімді, үйлесімді дамыған және шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу деген қорытынды жасалады. Ғылыми-зерттеу қызметі осы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін тиімді құрал екенін атап өткен жөн, атап айтқанда [24]:

- оқушының арнайы және ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау және бақылаулар мен тәжірибелерді орындау кезінде тәуелсіздігін дамыту;
- оқушының өз пікірін қорғай білу қабілетін дамыту;
- мектеп оқушысының конференцияларда, үйірмелерде сөйлей отырып, аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту;
- оқушының берілген іс үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- оқушының өзіне деген сенімділігін, орындалған жұмыстың маңыздылығын білуге тәрбиелеу;
- оқушыға болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға деген ұмтылысты ояту.

Зерттеу қызметі оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен оқуға деген ынтасын дамытуға ықпал етеді. Ол білім берудің әр кезеңінде әр түрлі функцияларды орындайды. Бұл табысты оқу және кәсіби қызмет үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру үшін маңызды.

Зерттеу қызметінің функциялары оқушының жасына байланысты әр түрлі болады:

- мектепке дейінгі білім беруде және бастауыш мектепте – танымдық қызығушылықты дамыту құралы ретінде оқушылардың зерттеушілік мінез-құлқын сақтау және оқу іс-әрекетіне мотивацияны қалыптастыру;

- орта буын сыныптарында – оқушылардың оқу жоспары пәндері мен қосымша білім беру жүйесі шеңберінде зерттеу қызметінің элементтерін қолдану негізінде зерттеу ұстанымын игеру, оқу қызметінде өз бетінше мақсат қою және оған қол жеткізу қабілетін дамыту;

- жоғары сыныптарда – бейіндік оқытудың негізі ретінде зерттеу құзыреттілігі мен кәсіп алдындағы дағдыларды дамыту.

Жобалау-зерттеу қызметінде қалыптасатын жалпы білім беру дағдылары:

1. Рефлексивті дағдылар (шешім қабылдау үшін білім жеткіліксіз болатын мәселені түсіну қабілеті; сұраққа жауап беру қабілеті: тапсырманы шешу үшін не үйрену керек).

2. Іздеу (зерттеу) дағдылары (идеяларды өз бетінше құра білу, яғни әртүрлі салалардан білімді тарта отырып, әрекет ету тәсілін ойлап табу; ақпараттық өрісте жетіспейтін ақпаратты өз бетінше табу; гипотеза жасай білу және себеп-салдарлық байланыстар орнату).

3. Басқару дағдылары (процесті жобалау қабілеті; қызметті, уақытты, ресурстарды жоспарлау; шешімдер қабылдау және олардың салдарын болжау; өз қызметін талдау дағдылары: оның барысы мен аралық нәтижелері).

4. Қарым-қатынас дағдылары (ересектермен және өз құрдастарымен оқу қарым-қатынасын бастай білу-диалогқа түсу, сұрақтар қою және т.б.; пікірталас жүргізе білу және өз көзқарасын қорғай білу; сұхбат, ауызша сұрау дағдылары және т. б.).

5. Презентация жасай алу дағдылары (монологиялық сөйлеу дағдылары; сөйлеу кезінде өзін сенімді ұстай білу және жоспарланбаған сұрақтарға жауап беру; сөйлеу кезінде әр түрлі көрнекілік құралдарын қолдана білу; көркемдік дағдылар) [25, 416].

Орта және жоғары буын оқушыларында зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі, ең алдымен, оқу нәтижелерін анықтау тәсілдерінің өзгеруімен байланысты.

Кез-келген іс-әрекет адамның белгілі бір уақыт аралығында жинаған тәжірибесі мен дағдыларынан тұрады. Психология мен педагогикада зерттеу дағдылары зерттеу қызметін жүргізу үшін қажетті іс-әрекетке қабілеттілікті білдіреді. Бұл дағдылардың жиынтығы зерттеу қызметіне тән келесі кезеңдерді білдіреді:

- бастапқы ақпаратты жинау (бақылау және т.б.);
- проблема мен зерттеу мәселесін қою;
- гипотезаларды ұсыну;
- зерттеу мәселесін шешуді жоспарлау;
- эксперимент;
- эксперименттер немесе бақылау деректерін талдау, жалпылау.

География орта мектепте оқытылатын пән ретінде оқушыларды танымдық, шығармашылық қызметке дайындауда, өз бетінше шешім қабылдауда және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамытуда маңызды әлеуетке ие.

Қашықтықтан оқытуда мұғалім оқушының осы пәнге тұрақты қызығушылығын ояту үшін өзінің пәнін, сол пәннің оқу бағдарламасына қарағанда тереңірек және кеңірек білуі керек. Бұл сонымен қатар күндізгі оқу түрінің артықшылықтарын өтеу үшін қажет. Оқушының терең қызығушылығы мен жоғары жауапкершілігі Сублимацияның көрсеткіші бола алады, оны Зигмунд Фрейд ашқан психологиялық қорғаныс түрлерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл дегеніміз энергияның төменгі түрлерін жоғары деңгейге түрлендіру. Мысалы, жыныстық энергияны шығармашылық белсенділікке айналдыруға, өмірлік мақсаттарға жету үшін пайдалануға болады, сондықтан мұғалім психолог маман болуы керек [26].

Психологиялық ғылымда сублимация-бұл адамға "адам келбетін" сақтауға көмектесетін қорғаныс механизмі ретінде қарастырылатын ұғым.

«Қазақстан географиясы» курсы мектепте географияны оқыту жүйесіндегі негізгі элемент болып табылады. Оның бірегей рөлі тек ғылыми-танымдық және елтану функцияларында ғана емес, сонымен қатар оқушылардың азаматтық дүниетанымы мен жеке қасиеттерін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. «Қазақстан географиясы» курсының негізгі мақсаты – еліміздің табиғаты, халқы мен экономикасының ерекшеліктері, Қазақстанның қазіргі әлемдегі орны туралы тұтас түсінік қалыптастыру; оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу, өз елінің және оның халықтарының тарихы мен мәдениетін құрметтеу; географиялық кеңістікте бейімделу және әлеуметтік-жауапты мінез-құлық дағдыларын дамыту; географиялық ойлауды дамыту.

«Қазақстан географиясы» бойынша жаңа авторлық оқулық пен оқу-әдістемелік кешенді (ОӘК) әзірлеу кезінде (авторы Ұ.Ә. Есназарова) келесі шарттар ескерілді [27]:

- 1) географиялық білім беруді жаңартуға және «Қазақстан географиясы» курсы бойынша жаңа оқулық пен ОӘК әзірлеуге республиканың әлемдік қоғамдастықтағы жағдайының өзгеруіне және жаңа мемлекетті дамытудың қазіргі заманғы талаптарына байланысты әлеуметтік тапсырыс;
- 2) Ресейде және ТМД елдерінде оқу әдебиеттерін құру тәжірибесі мұқият талдаудан өтті. Оның барысында кемшіліктер анықталды және оң жақтары атап өтілді, бұл «Қазақстан географиясы» жаңа бағытын құрудың негізгі қағидаттарын айқындауға мүмкіндік берді.
- 3) жаңа оқулық пен ОӘК құрастыру кезінде республика өміріндегі экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістерді ескеруге, Қазақстан Республикасында географиялық білім беру бойынша жаңа мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдауға мүмкіндік берген еліміздің жаңа шаруашылық жағдайындағы даму тәжірибесі.

Ұ.Ә. Есназарованың айтуынша білім дүниетанымды қалыптастырады, сондықтан мұғалім мен тәлімгердің басты міндеті – географиялық білімді тұлғаны тәрбиелеу. Мұндай адам сыни ойлауға, жетілген азаматтық ұстанымға және қоршаған ортаға деген экологиялық көзқарасқа ие болуы керек [28].

Зерттеу қызметі – бұл психикалық белсенділікті ынталандыратын және оқушылардың аналитикалық қабілеттерін дамытатын жаңа білім мен проблемаларды шешу процесін іздеу процесі. Бұл процесс бақылау, деректерді жинау, нәтижелерді талдау және интерпретациялау кезеңдерін қамтиды. Бұл білім алушылардан тақырыпты білуді ғана емес, сонымен қатар тапсырмаларды шешуге шығармашылық көзқарасты талап етеді.

Зерттеу қызметіне қатысу шығармашылық әлеуеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Оқушылар сұрақтар қоюды, балама шешімдерді іздеуді, алынған мәліметтерді бағалауды және дәлелдер негізінде қорытынды жасауды үйренеді.

Сонымен қатар, зерттеу қызметі шығармашылық ойлаудың маңызды аспектілері болып табылатын тәуелсіздік пен бастамашылықты ынталандырады. Оқушылар өз жобалары үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, өз іс-әрекеттерін жоспарлайды. Бұл олардың өз күштеріне деген сенімділігі мен өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттерін дамытады.

Мектептегі география бойынша оқу-тәрбие процесін оңтайландыру көбінесе терең білімге және мұғалімнің оқыту құралдары мен әдістерін дұрыс таңдауына байланысты. Бұл ретте жетілдірудің негізгі міндеті – оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен ақыл-ой белсенділігін дамыту, оларды әртүрлі көздерден өз білімдерін өз бетінше толықтыруға үйрету.

Жоғары сынып оқушыларының шығармашылығының көрінісі көптеген сыртқы жағдайларға әсер етеді және оқу процесін ұйымдастырудың дұрыс формаларын таңдау өте маңызды рөл атқарады. Табысты зерттеу қызметі үшін сыныпта шығармашылыққа қолайлы атмосфера құру маңызды. Мұғалім мейірімділік танытып, бағалаушы пікірлер мен сындардан аулақ болу керек. Бұл оқушыларға өз ойлары мен идеяларын білдіруге сенімді және еркін сезінуге көмектеседі [29, 201 б]. Қызығушылықты ынталандыру, өз сұрақтарын қоюға ынталандыру және түпнұсқа идеяларды қолдау, зерттеу мен шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ ақпараттық технологиялар білім беру ортасының мүмкіндіктерін әртүрлі бағдарламалық құралдармен және оқушылардың шығармашылығын дамыту әдістерімен кеңейтеді. Әр мұғалім танымға, білімді кеңейтуге ықпал ететін танымдық қызығушылықты қалыптастыруға тырысады. География-оқушыларға қоршаған әлемді танып қана қоймай, сонымен қатар олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін қызықты пән.

Жалпы, өзіндік жұмыс география сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында оқушылар логикалық ойлауды дамытады, зерттелетін материалға шығармашылық және зерттеушілік көзқарас қалыптастырады, сонымен қатар практикалық мәселелерді шешу үшін үйренген білімдерін қолдана алады. Шығармашылық тапсырмалардың алуан түрлілігі оқушыларға проблемаларды көруге және оларды шешу жолдарын іздеуге, әртүрлі әдебиеттермен жұмыс істеуге,

орындалу мерзімдерін ескере отырып, өз қызметін жоспарлауға және қысқаша және толық рефераттар жасауға көмектеседі. Әр сабақта оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық белсенділігін мұғалімнің қызығушылықтары мен талаптарына сәйкес дамыту, тапсырмаларды орындау кезінде қиял мен шығармашылық элементтерінің көрінісін ынталандыру және атқарылған жұмыс туралы есепті жасау қажет.

Пән негізінде ғылыми жұмыс ұйымдастыру бойынша заманауи география сабағының негізгі ерекшеліктері [30]:

- сабақ білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған (көзқарастары, құндылықтары, шығармашылық қабілеттері);
- мұғалім оқушының оқу-танымдық қызметін ұйымдастырушы, сонымен қатар көмекші әрі кеңесші ретінде қызмет атқарады;
- оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас стилі серіктестік түрінде болады;
- сабақта оқуды ұйымдастырудың басқа да формалары қолданылады, атап айтқанда экскурсия, практикум, география алаңындағы жұмыс, экологиялық айлақта жұмыс жасау;
- пәнаралық сабақтың ұйымдастырылуы (түрлі пәндердің 2-3 мұғалімімен бірге сабақ өткізу);
- оқу жұмысы барысында ұжымдық қызметті ұйымдастыру.

Зерттеу қызметі география сабақтарында білім алушыларға келесі артықшылықтар береді:

- оқушы дайындалған дидактикалық ортада белсенді және дербес жұмыс істейді;
- мақсат қою жүзеге асырылады: оқушы сабақта не істейтінін біледі;
- оқуға деген ынта артады;
- шығармашылық қабілеттер пайда болады;
Қазіргі педагогикалық психология әр жас кезеңі үшін өзіндік, өзіне тән жетекші қызмет түрі бар деп санайды: мектепке дейінгі кезеңде – ойын, бастауыш мектепте – оқу, орта мектеп жасында – кеңейтілген әлеуметтік пайдалы қызметтің барлық нұсқалары (оқу, еңбек, қоғамдық ұйымдастыру, көркемдік, спорттық және т.б.). Жоғары сыныптарда оқушылар кәсіптік бағдар беретін және тәуелсіз моральдық пайымдаулар мен бағалауларды қамтитын оқу іс-әрекетімен айналыса бастайды. Жоғарыда айтылғандар әр жаста оқушы тек жетекші қызмет түрімен айналысуы керек дегенді білдірмейді [72]. Тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін барлық қызмет түрлерін үнемі дамыту маңызды.

Психологтар келесі жас топтарын және олармен байланысты мектеп оқушыларының жетекші мотивтерін ажыратады:

1. Бастауыш мектеп жасы.
2. Орта мектеп жасы
3. Үлкен жасөспірімдер. Жоғары сынып оқушылары.

Бастауыш мектеп жасында әлеуметтік мотивация бастауыш сынып оқушысының басқа жетекші мотивтерінен басым болады. Оқу процесінің басында баланың оқуға деген ынтасы күшті болады. Ол жаңа рөлді – оқушының рөлін ойнағысы келеді және өз кезегінде осы жаңа рөлдің барлық міндеттерін шешеді. Психологтар мұны «мектепке субъективті дайындық» деп атайды. Жетекші қызмет жаңа міндеттерге алып келетін ілім болып табылады. Оқушының өмір салты өзгереді. Бастауыш мектеп жасына сәйкес келетін зерттеу жұмысының формалары негізінен топтық сипатта болады және оқу қызметі мен ойын элементтерін қамтиды [73]. Оларға шығармашылық тапсырмалар, конкурстар, танымдық ойындар және т. б. кіреді.

Орта мектеп жасы (11-12-ден 15 жасқа дейін) – бұл балалық шақтан жастыққа өтпелі кезең. Ол 5-9 сыныптардағы оқумен сәйкес келеді және организмдегі айтарлықтай өзгерістермен сипатталады. А.Н. Леонтьев бұл мектеп оқушысының өміріндегі ең қиын кезең деп санайды, сонымен бірге қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ең қолайлы, өйткені жасөспірімдер басқалармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Жан-Жак Руссо сонымен қатар жасөспірімдер тәрбиеде ерекше тәсілді қажет ететінін атап өтті, өйткені оларға тікелей әсер ету жиі қарсылық тудырады. Осы кезеңде жасөспірімдер сыни ойлауды дамытады және өз пікірлерін қалыптастыра бастайды, олар мүмкіндігінше жиі білдіруге тырысады, бұл жиі даулар мен пікірталастарға әкеледі. Орта мектеп жасы да шығармашылық даму үшін ең қолайлы, өйткені жасөспірімдер проблемалық жағдайларды шешуді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуды, себептер мен салдарын анықтауды ұнатады. Олар сондай-ақ өз пікірлерін білдіре алатын және пікірталастарға қатыса алатын сыныптан тыс жұмыстарға белсенді қатысады.

Осылайша, орта мектеп жасы баланың жеке басын қалыптастырудағы ең қиын сәттердің бірі болып табылады. Бұл білім беруде ерекше тәсілді және өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін қажет етеді. Бұл кезеңде мұғалімдер мектеп оқушыларының ішкі әлеміне мұқият болуы керек, жеке жұмысқа назар аударып, олардың мәселелерін шешуге көмектесуі керек.

Жоғары сынып оқушыларының жетекші қызметі – оқу-кәсіби қызмет. Осы жас тобына арналған зерттеу жұмыстарының нысандары топтық және жеке болады: зерттеу әдістері; жобалар; шығармашылық жұмыстар; танымдық ойындар; пәндік апталар; олимпиадалар; оқушылардың мектептегі ғылыми қоғамы; факультативтер; пәндік үйірмелер; ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы [74, 93 б].

Психологиялық аспектілері:

Қоршаған әлемге деген қызығушылық: географиялық құбылыстар туралы білім қоршаған ортаға деген қызығушылықты дамытудан басталады. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалім олардың әртүрлі географиялық аспектілерге деген қызығушылығын оятуы керек. Бұл қызықты оқиғалар, бейнематериалдар немесе тәжірибе болуы мүмкін.

Бақылаудың қалыптасуы: зерттеу дағдылары бақылаудың дамуымен қалыптаса бастайды. Оқушылар табиғи және әлеуметтік-мәдени

құбылыстардағы айырмашылықтарды байқауды және жазуды үйренуі керек. Зейін мен аналитикалық ойлауды дамытуға бағытталған сабақтар өткізу маңызды.

Сыни ойлауды ынталандыру: оқушылар ақпаратты талдауды, өз қорытындыларын жасауды және ұсынылған деректерге сыни көзқараспен қарауды үйренуі керек. Бұл тәуелсіздікті дамыту және негізделген шешімдер қабылдау қабілеті үшін маңызды.

Педагогикалық аспектілері:

Жобалау қызметі: зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі –география сабақтарында жобалау қызметін енгізу. Жобалар оқушыларға тақырыпты өз бетінше зерттеуге, мақсаттар мен міндеттер қоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өз жұмысының нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Заманауи білім беру технологияларын пайдалану: географиялық ақпараттық жүйелер, интерактивті карталар сияқты заманауи технологияларды біріктіру оқу процесін айтарлықтай байыта алады. Бұл құралдар оқушыларды баурап қана қоймайды, сонымен қатар зерттеу дағдыларын үйретеді.

Тәсілдерді саралау: оқытылатын тұлғалардың әртүрлілігін ескере отырып, оқытудың сараланған әдістерін қолдану маңызды. Бұл зерттеу дағдыларын сәтті қалыптастыруға ықпал ете отырып, материалды әр оқушының дайындық деңгейіне және қызығушылықтарына бейімдеуге мүмкіндік береді [75, 74 б].

География сабақтарында зерттеу дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерінің жиынтығы оқушылардың сыни ойлауын, дербестігін және белсенді зерттеу жұмысына дайындығын дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Нәтижесінде географияны оқыту фактілерді игеру ғана емес, әлемді түсіну мен өзгерту құралы болады.

2 ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

2.1 Географиялық білім беруде қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың формалары мен тәсілдері

2020-2021 жылдары мектептегі білім беру процесінде айтарлықтай өзгерістер болды. Пандемия әсерінен күтпеген жағдайға тап болдық және алғаш рет білім беру процесін мүлдем басқаша, яғни қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға тура келді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мақсатында әртүрлі ресурстар енгізіле бастады [76]. Одан кейін де қашықтықтан оқытумен қатар дәстүрлі формалар да қолданылған кезде арасында аралас оқытуға да көше бастадық. Қазіргі таңда да қашықтықтан оқытуды енгізу кәсіптік білім беру ұйымдарындағы инновациялардың бір түрі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту – бұл оқытушы мен білім алушылар физикалық тұрғыдан бөлек және олардың арасындағы өзара әрекеттесу электрондық коммуникацияның әртүрлі формаларының сүйемелдеуімен жүзеге асырылатын білім беру түрі. Бұған интернет, электрондық пошта, бейнеконференциялар, онлайн форумдар, вебинарлар, мобильді білім беру қосымшалары және басқа технологиялар кіреді. Қашықтықтан оқыту білім алушыларға материалды өздеріне ыңғайлы уақытта және ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту адамдарға қажетті бейіні бар университет немесе қажетті біліктілік деңгейі бар оқытушылар жоқ аймақтарда кәсіптік және сапалы жоғары білім алуға мүмкіндік береді [77].

Қашықтықтан оқытудың 1700 жылдардан бастау алатын ұзақ тарихы бар. 1728 жылы Калев Филипп Бостон газетінде қашықтықтан білім берудің алғашқы мысалы болып табылатын корреспонденция стенографиясын оқытуды ұсынатын хабарландыру жариялады. 1873 жылы АҚШ-та алғашқы сырттай мектептер ұйымдастырылды. 1892 жылы Чикаго университеті алғашқы қашықтықтан оқыту бағдарламасын бастады, осылайша АҚШ-тағы білім берудің осы түрін ұсынатын алғашқы жоғары оқу орны болды. Канадада 1899 жылдан бастап король университеті студенттерді қашықтықтан оқыта бастады. 1906 жылы Балтимордағы калверт бастауыш мектептері де қашықтықтан оқытуды енгізді.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы технологиялардың дамуымен қашықтықтан білім беру одан да жылдам дами бастады. Радио және теледидар сияқты 20 ғасырдың ашылуларының арқасында қашықтықтан білім беру одан да қарқынды дами бастады. Аккредиттелген диплом алуға мүмкіндік беретін алғашқы онлайн курстар пайда болып, виртуалды оқыту мектептері ашылды. Интернет қашықтықтан оқытудың онлайн білім беру саласында дамуына көмектесу арқылы бірінші орынға шықты [78].

Қазақстанда қашықтықтан оқыту 1998 жылдан басталады. Бұл саладағы – қашықтықтан оқытуды енгізу бойынша эксперимент жүргізген Қазақстан-Ресей университеті (КРУ).

2020 жылы COVID-19 пандемиясы көптеген басқа елдердегідей Қазақстанда қашықтықтан білім беру үшін маңызды сәт болды. Мектептер, жоғары оқу орындары және басқа да оқу орындары толық қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүр болды. Бұл бейнеконференциялар және оқытуды басқарудың онлайн платформалары сияқты қашықтықтан оқыту технологияларының жедел дамуы мен бейімделуіне әкелді.

Қазақстанда қашықтықтан білім беру жаңа технологияларға және халықтың өзгеріп отыратын білім беру қажеттіліктеріне бейімделе отырып, дамуын жалғастыруда.

Қашықтықтан оқытудың негізгі принциптері: білім алушы мен оқытушы арасында олардың тікелей кездесуін қамтамасыз етпестен интерактивті қарым-қатынас орнату және берілген ақпараттық технологияны ескере отырып, таңдалған курс пен оның бағдарламасы бойынша белгілі бір білім мен дағдыларды өз бетінше игеру [79]. 3-суретте қашықтықтан оқытуға тән белгілер көрсетілген.



Сурет 3 – Қашықтықтан оқытуға тән белгілер

Қашықтықтан оқыту қазіргі әлемде ерекше маңызды сипаттамаларға ие. Төменде қашықтықтан оқытудың негізгі ерекшеліктерінің толық сипаттамасы берілген [80]:

Модульдік

Қашықтықтан оқыту көбінесе модульдік түрде құрылымдалған. Бұл білім алушыларға өздерінің қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктеріне сәйкес нақты курстар мен тақырыптарды таңдауға мүмкіндік береді. Модульдік құрылым білім алушыларға оқу бағдарламасының жеке оқу траекторияларына бейімделуін жеңілдетеді.

Икемділік

Қашықтықтан оқытудың басты артықшылықтарының бірі – оның оқу уақытын, орнын және қарқынын жоспарлаудағы икемділігі. Білім алушылар оқуды жұмыспен немесе жеке міндеттермен үйлестіре отырып, интернетке қол жетімді әлемнің кез келген нүктесінен өздеріне ыңғайлы уақытта оқи алады.

Параллельдік

Қашықтықтан оқыту білім алушыларға бір уақытта бірнеше пәндермен немесе курстармен айналысуға мүмкіндік береді. Бұл уақытты тиімді басқаруға және оқу процесін жеделдетуге ықпал етеді.

Интернационалдылық

Қашықтықтан оқыту географиялық шекарадан өтіп, білім алушыларға әлемнің түкпір-түкпірінен келген оқу орындары ұсынатын курстар мен бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл мәдени және академиялық біліммен алмасуға ықпал етеді және білім алушылардың дүниетанымын кеңейтеді [81].

Әлеуметтік

Физикалық алшақтыққа қарамастан, қашықтықтан оқыту онлайн форумдар, топтық жобалар және бейнеконференциялар арқылы әлеуметтік өзара әрекеттесуді қолдайды және дамытады. Бұл білім беру қауымдастықтары мен кәсіби байланыс желілерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұзақ қашықтық

Қашықтықтан оқыту білім беру орталықтарынан алыс қашықтықтағы білім алушыларды, соның ішінде сапалы білімге қол жетімділік дәстүрлі түрде шектеулі аймақтарды қамту мүмкіндігіне ие.

Асинхрондылық

Қашықтықтан оқыту курс материалдары кез келген уақытта қол жетімді болған кезде асинхронды оқытуды ұсынылады. Бұл білім алушыларға өз кестелерін оқытушылармен немесе басқа білім алушылармен синхрондамай, материалдарды өз қарқынымен оқуға мүмкіндік береді.

Жаңа инновациялық технологиялар

Заманауи инновациялық технологиялар қашықтықтан оқытуды белсенді түрде өзгертуде. Виртуалды және толықтырылған шындық, жасанды интеллект және машиналық оқыту білім беру технологияларының ажырамас элементтеріне айналды. Бұлар оқу процесінің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді және тиімділігін арттырады.

Рентабельділік

Қашықтықтан оқыту көбінесе білім беру мекемелері үшін де, білім алушылар үшін де үнемді болып табылады. Ғимараттарды жалға алу,

саяхаттау және тұру шығындарын азайту білім беруді көптеген адамдар үшін қол жетімді етеді.

Қашықтықтан оқытудың бұл сипаттамалары географиялық орналасуына, жасына немесе қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан барлығына сапалы және қолжетімді білім беру үшін оның әртүрлілігі мен мүмкіндігін көрсетеді.

Мектептердегі қашықтықтан оқытуды шетелдік және ресейлік ғалымдар мен мұғалімдер белсенді талқылайды және зерттейді. Соңғы жылдары бұл тақырыпқа қызығушылық COVID-19 пандемиясына байланысты айтарлықтай өсті, бұл көптеген оқу орындарын онлайн оқыту форматтарына көшуге мәжбүр етті. Төменде осы тақырып бойынша соңғы жылдардағы зерттеулердің пікірлері мен тұжырымдары келтірілген.

S. Dhawan зерттеуі көрсеткендей, онлайн оқыту білім беру тапсырмаларын тиімді орындай алады, бірақ ол оқушылардан өзін-өзі тәрбиелеуді және мұғалімдердің қолдауын қажет етеді. Авторлар оқушылар арасында цифрлық сауаттылықты дамыту және оларды тиімді оқыту үшін жеткілікті ресурстармен қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтеді [82].

Michael Moore қашықтықтан оқыту икемділік пен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар өзін-өзі реттеуді арттыру қажеттілігі және оқушылардың назарын аудару проблемалары сияқты жаңа қиындықтар туғызады деп мәлімдейді [83].

D. Nambiar онлайн курстарда интерактивтілік пен жекелендірудің маңыздылығын көрсете отырып, онлайн оқытудың тиімділігі мен оқытудың ең жақсы тәжірибелерін талқылайды [84]. Ол оқыту оқушыларды оқу процесіне барынша тарту үшін құрылымдалуы керек екенін атап көрсетеді.

Артюхов А.А. Ресейдегі қашықтықтан білім берудің даму перспективаларын талдайды, оң және теріс жақтарын көрсетеді. Ол қашықтық форматының ерекшелігіне сәйкес әдістер мен тәсілдерді бейімдеу қажеттілігі маңызды екенін атап өтті [85]. Ол өз зерттеуінде бұл бағыттың басты артықшылығы – оқушылардың географиялық орналасуы мен физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан білім беру ресурстарына үздіксіз қол жетімділікті қамтамасыз ету мүмкіндігі екенін атап көрсетеді. Шереметьева қашықтықтан оқыту оқу процесін икемді және жекелендіретін мультимедиялық және интерактивті ресурстарды қоса алғанда, оқу материалдарының кең ауқымын пайдалануға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.

Сонымен қатар автор, білім беру әдістерін қашықтықтан форматтау ерекшелігіне бейімдеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл білімді бағалаудың жаңа тәсілдерін, оқушылардың мотивациясын дамытуды қамтиды, сонымен қатар жаңа ортада жұмыс істеу үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыруды талап етеді.

Мария Сапунова жақсы ұйымдастырылған онлайн курстарға қол жеткізе алатын және мұғалімдердің қолдауы болғанда оқушылардың үлгерімін арттыру деректеріне сілтеме жасай отырып, қашықтықтан оқытудың тиімділігіне баса назар аударады. Ол білім беру процесін дұрыс

ұйымдастырумен және мұғалімдердің белсенді қолдауымен қашықтықтан оқыту дәстүрліден кем түспейтінін, сонымен қатар кейбір жағдайларда жақсы нәтиже көрсететінін атап өтті [86]. Ол табысқа жетудің кілті, оқушылардың белсенділігі мен мотивациясын арттыру үшін қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана білу, мұғалімдердің кәсіби дайындығы арқылы жүзеге асатынын атап өтеді.

Мария Горохова қашықтықтан оқытудың негізгі мәселелерін қарастырады, мысалы, интерактивтіліктің болмауы, оқушыларды ынталандыру проблемалары және мұғалімдердің онлайн форматта жұмыс істеуі үшін біліктілігін арттыру қажеттілігі. Ол жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу арқылы осы мәселелерді шешудің жолдарын ұсынады. Ол өз зерттеуінде бірқатар маңызды мәселелерге назар аударады. Олардың негізгілері-интерактивтілік пен жеке көзқарастың болмауы, сонымен қатар мұғалімдермен және сыныптастарымен жеке байланыстың болмауына байланысты оқушылардың мотивациясының төмендеуі [87]. Горохова шешудің бірнеше жолын ұсынады: оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделетін бейімделген білім беру платформаларын енгізу және білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандыратын интерактивті мазмұн жасау.

Ғалымдардың зерттеулері мен пікірлері қашықтықтан оқытудың айтарлықтай мүмкіндіктері де, маңызды қиындықтары да бар екенін көрсетеді. Оқытудың бұл түрінің тиімділігі көптеген факторларға байланысты, соның ішінде мұғалімдерді даярлау сапасы, оқушыларға технологияның қол жетімділігі және білім беру бағдарламаларын қашықтықтан оқыту форматына бейімдеу мүмкіндігі. Онлайн және офлайн оқыту форматтарының әлеуетін барынша арттыру үшін оқыту әдістері мен технологияларын оңтайландыру үшін осы саладағы зерттеулерді жалғастыру маңызды.

Хуля Игіт Озудогру – білім беру технологиялары саласындағы көрнекті түрік ғалымы. Оның жұмысы қашықтықтан оқыту әдістерінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Ол оқытуды қол жетімді, тиімді және интерактивті етуге көмектесетін жаңа тәсілдер мен құралдарды әзірлеу арқылы технологияның оқу процесіне әсерін зерттейді. Оның зерттеулері инновациялық білім беру технологияларын енгізуден бастап олардың оқу процесі мен оқушыларға әсерін зерттеуге дейінгі көптеген тақырыптарды қамтиды [88].

Озудогру жұмысындағы негізгі тақырыптардың бірі – білім беру сапасын арттыру үшін интерактивті технологияларды қолдану. Ол әртүрлі бейнеконференция платформаларын (мысалы, Zoom және Microsoft Teams), оқытуды басқару жүйелерін (LMS) Moodle және Blackboard сияқты және ынтымақтастық құралдарын (Google Docs, Microsoft Office Online) оқу процесіне қалай біріктіруге болатынын белсенді түрде зерттейді.

Озудогру өз еңбектерінде бейімделгіш оқытудың маңыздылығына назар аударады, мұнда оқу бағдарламалары мен материалдар әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімделеді. Бұл тәсіл оқушыларға

материалды жақсы меңгеруге және академиялық көрсеткіштерін арттыруға көмектеседі, осылайша оқыту жекелендірілген және нәтижелі болады.

Озудогру зерттеулерінде мобильді білім беру қосымшаларын әзірлеуге және қолдануға ерекше назар аударылады. Бұл қолданбалар білім беру ресурстарына қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар оқу процесін оқушылардың күнделікті өміріне біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл оқытуды кез келген уақытта және кез келген жерде ыңғайлы және қолжетімді етеді.

Артықшылықтары:

Инновация: соңғы технологияларды пайдалану оқытуды интерактивті және қызықты етуге мүмкіндік береді.

Қол жетімділік: технология физикалық және әлеуметтік кедергілерді азайту арқылы білім беруді көбірек адамдарға қолжетімді етеді.

Бейімделу: Озудогру тәсілдері оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделетін оқу бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді.

Кемшіліктері:

Техникалық қиындықтар: жаңа технологиялар тұрақты интернет байланысын және жақсы жабдықталған құрылғыларды қажет етеді, бұл барлық аймақтарда әрқашан бола бермейді.

Жоғары құны: инновациялық технологияларды әзірлеу және енгізу қымбат болуы мүмкін, бұл олардың бюджеті төмен оқу орындарында қолжетімділігін шектейді.

Хули Игит Озудогрудың жұмысы қашықтықтан оқытуды модернизациялауда маңызды рөл атқарады. Ол жаңа технологияларды зерттеп қана қоймайды, сонымен қатар бұл технологиялардың білім беру процесін жақсартуға қалай бейімделетінін түсінуге тырысады. Оның күш-жігерінің арқасында оқыту икемді, қолжетімді және тиімді болады, бұл оны бүгінгі күнге дейін білім беру технологиясының негізгі сарапшыларының біріне айналдырады.

Географиядағы қашықтықтан білім беруді бірнеше формада жіктеуге болады [89]:

Онлайн курстар;

- Вебинарлар;
- Электрондық оқулықтар мен әдістемелік материалдар;
- Интерактивті карталар және геоақпараттық жүйелер;
- Мобильді қосымшалар;
- Виртуалды экскурсиялар және 3D модельдеу;
- Бағалау және тексеру құралдары.

Қашықтықтан оқытудың және сонымен бірге интерактивті білім берудің инновациялық бағыттарының бірі - жалпы онлайн оқыту және онлайн курстар. М.Б. Лебедеваның пікірінше, 2028 жылға дейінгі білім беруді дамытудағы ең перспективалы тенденциялар болып табылады [90].

Онлайн курстар – бұл интернет - платформалар арқылы ұйымдастырылған кешенді оқыту бағдарламалары. Оларға бейне дәрістер, тесттер, өзіндік тапсырмалар және жобалық жұмыстар кіреді.

Жаппай ашық онлайн курс – бұл интерактивті қатысуы және ашық қол жетімділігі бар интернет-ресурс, бұл кез-келген адамға белгілі бір тәртіптік курсты оқып, емтиханды онлайн режимде тапсыруға мүмкіндік береді [91]. Жаппай ашық онлайн курстар бүкіл әлем бойынша көптеген білім алушыларға сапалы білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олар көбінесе ақысыз немесе номиналды ақыға ұсынылады. Бұл білім алушыларға бүкіл әлемнің жетекші университеттері мен оқытушыларынан білім алуға мүмкіндік береді.

Ашық білім беру платформалары Еуропа елдерінде 2012 жылдан бастап танымал болды. Алғашқы ашық білім беру жүйелері Coursera, OpenEdx және т.б. әлемдік платформалар негізінде жұмыс істей бастады. Бүгінгі таңда кеңінен таралған халықаралық онлайн курстар Coursera, Khan Academy, edX, Futurelearn, Open2Study платформалары [92].

Қазақстанда соңғы жылдары жаппай ашық онлайн курстардың көптеген жүйелері іске қосылды және оларды сапалы мазмұнмен белсенді түрде толтыру жүзеге асырылуда. Цифрлық білім беруді және онлайн оқытуды дамыту, білім алушыларға жоғары сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ашық онлайн-курстарды қамтиды. Бұл курстарды жергілікті оқу орындары және ұйымдар халықаралық платформалармен бірлесіп дербес әзірлейді. Қазақстандық онлайн курстары бар платформалар мен бастамалардың бірнеше мысалдары ретінде Joo.kz, Bilimland, OpenU, Қазақстанның университеттері мен ЖОО-лары ұйымдастырған онлайн курстар, Sterik және Udemu т.б. айтуға болады [93].

Қазақстан Республикасында жаппай ашық онлайн-курстар арқылы бейресми білім беру жасалды. 2014 жылы Қазақстанның жетекші университеттері елімізде жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететін Ұлттық ашық білім беру платформасын іске қосты.

«Ашық білім беру» платформасы Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқытылатын бакалавриаттың базалық пәндері бойынша онлайн курстар ұсынады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Назарбаев университеті қашықтықтан білім беру технологияларын белсенді дамытып, өздерінің ашық онлайн курстарын әзірлеп, білім беру платформалары арқылы ұсына алады.

2014 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті OpenEdx платформасында жаппай ашық онлайн курстар жүйесін іске қосты. Келесі маңызды қадам «Қазақстанның ашық университетін» құру болды (OPENU.KZ). «Қазақстанның ашық университеті» – еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен оқытушыларының онлайн-курстарына шектеусіз тегін қол жеткізуді ұсынатын білім беру платформасы. Жобаның мақсаты-сапалы тегін онлайн курстарды ұсыну және цифрлық технологиялар арқылы онлайн білім беруді барлығына қолжетімді ету және халықтың интеллектуалды деңгейін арттыру. Қазіргі уақытта OPENU.KZ-те ғылым мен білімнің әртүрлі бағыттары бойынша бейне дәрістер бар [94, 19 б].

Жаппай ашық онлайн курстар білім беруге айтарлықтай өзгерістер әкелді. Бұл бүкіл әлемдегі білім алушыларға жоғары сапалы оқу деңгейі мен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, оның бірқатар артықшылықтары бар, бұл оларды білім берудің маңызды құралы етеді [95]:

Ғаламдық қол жетімділік: жаппай ашық онлайн курстар орналасу және қашықтық шектеулерін еңсеру арқылы әр түрлі саладағы жетекші университеттер мен сарапшыларға білім алуға мүмкіндік береді.

Икемділік пен ыңғайлылық: білім алушылар материалдарды өздеріне ыңғайлы уақытта және белгіленген қарқынмен оқи алады. Бұл білім беруді икемді және қолжетімді етеді.

Курстардың әртүрлілігі: жаппай ашық онлайн курстар білім алушыларға олардың қызығушылықтары мен кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес келетін бағыттарды таңдауға мүмкіндік беретін курстар мен тақырыптардың кең ауқымын ұсынады.

Интерактивтілік және практикалық тапсырмалар: көптеген жаппай ашық онлайн курстар интерактивті элементтерді, тапсырмаларды және жобаларды қамтиды. Бұл материалды тереңірек игеруге ықпал етеді.

Төмендетілген шығындар: ашық онлайн курстар көпшілігі ақысыз немесе қол жетімді бағамен ұсынылатындықтан, бұл көптеген адамдар үшін экономикалық қол жетімді білім береді.

Заманауи технологиялар: жаппай ашық онлайн курстар оқыту процесін жақсарту үшін адаптивті оқыту және жасанды интеллектті пайдалану сияқты заманауи оқыту әдістерін белсенді қолданады.

Бірлескен білім беру және мәдениетаралық түсінік: жаппай ашық онлайн курстар әр түрлі елдердің білім алушыларына мәдениетаралық түсініктің дамуына ықпал ететін бірлескен жобалармен байланысуға, пікір алмасуға және қатысуға мүмкіндік береді.

Жалпы, бұл жоғары сапалы оқыту ресурстарына кең қол жетімділікті қамтамасыз ету және дүние жүзіндегі көптеген адамдардың жеке және кәсіби дамуына ықпал ету арқылы білім беруді күшейтеді.

Соңғы бірнеше жылда вебинарлар үлкен танымалдылыққа ие болды. Олар онлайн режимде өтетін іс-шаралар, көбінесе тұрақты семинарларға ұқсас, олар дәйекті баяндамаларды, презентацияларды, сұрақтарға жауаптарды қамтиды. Барлығы нақты уақыт режимінде интернет желісі арқылы жүреді [96, 16 б]. Вебинар – «web» және «seminar» сөздерінен шыққан және әртүрлі онлайн іс-шараларға: семинарларға, конференцияларға, пікірталастарға, кездесулерге, презентацияларға қатысты қолданылады. Вебинар барысында қатысушылар арасындағы байланыс компьютерде орнатылған немесе арнайы веб-қосымшаның көмегімен интернет арқылы сақталады.

Вебинарлар – тыңдаушылар сұрақтар қоя алатын және оқытушымен нақты уақыт режимінде сөйлесе алатын дәрістердің немесе семинарлардың тікелей онлайн ағындары.

Вебинарлар – бұл, әсіресе білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін көптеген даусыз артықшылықтарға ие іс-шаралар

форматы. Вебинарлардың маңызды артықшылығы – оларды дайындаудың минималды шығындары, өзіндік құнының төмендігі, көптеген тыңдаушыларды тарту мүмкіндігі, уақытты үнемдеу. Ең алдымен, вебинарға қатысу үшін ешқайда барудың, іс-шараны өткізу үшін белгілі бір орынды іздеудің қажеті жоқ.

Вебинардың маңызды артықшылығы – вебинарға бейнежазба жасап, оны қайта қарауға болады және вебинарлар топтамасын құрастырып, кейіннен пайдалануға болады [97]. Вебинардың бейнежазбалары алынған ақпаратты талдауға, оны неғұрлым белсенді және тереңірек игеруге көп уақытты қажет ететін тыңдаушылар үшін маңызды. Осылайша, бұл білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда вебинарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жағдайында вебинар-сабақтар педагогикалық міндеттерді тиімдірек іске асыруға және оқытуды барынша әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологиялар білім алушылардың жеке дағдылары мен құзыреттеріне дайындық процесін бейімдеуді қамтамасыз етеді, география мұғалімдерін оқу ақпаратын дайындау және ұсыну, білімді бақылау бойынша көп уақытты қажет ететін және жиі қайталанатын операциялардан босатады. Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді құралдарының бірі электрондық оқулықтар мен әдістемелік материалдар болып табылады [98].

Электрондық оқулықтар мен әдістемелік материалдар – интернет арқылы оқуға болатын оқу құралдарының сандық нұсқалары. Оларда карталар, схемалар және анимациялар сияқты интерактивті элементтер болуы мүмкін. Баспа әдебиеттерімен қатар жаңа буынның электронды оқу әдебиеті үлкен маңызға ие.

Географиялық ақпараттық жүйелер, әдетте, шешім қабылдау және проблемаларды шешу сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту үшін ақпараттық технологиялардың тамаша құралы ретінде қарастырылады. ГАЖ бізге қатынастарды, заңдылықтар мен тенденцияларды түсіну үшін деректерді визуализациялауға, сұрақ қоюға, талдауға және түсіндіруге, сонымен қатар, бірлескен оқу ортасын құруға, жобаларды басқару дағдыларын алуға мүмкіндік береді.

ГАЖ – бұл географиялық деректерді сақтау, іздеу, картаға түсіру және талдау үшін қолданылатын аппараттық және бағдарламалық жасақтама жүйесі, сондықтан, географияны оқытудың маңызды технологиялық құралы болып табылады [99].

Технологияның дамуымен интерактивті карталардың онлайн конструкторы пайда болды. Бұл пайдаланушыларға арнайы бағдарламаларға иелік етпестен интерактивті географиялық карталар жасауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар географиялық деректерді, белгілерді және ақпараттық қабаттарды қосу мүмкіндігі бар бапталған карталарды жасауға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кейбір танымал онлайн интерактивті карта конструкторлары:

- Google My Maps
- Mapbox
- ArcGIS Online
- Leaflet
- Cartoon

Мұндай құралдар білім беру материалдарын жасау, визуализациялау, нарықтарды талдау, маршруттар мен туризмді жоспарлау және қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылау үшін кеңінен қолданылады [100, 20 б].

Географиялық ақпараттық жүйелер географияны қашықтықтан оқытудың маңызды құралы болып табылады. Олар географиялық білімді қабылдау мен игеруді жақсартуға ықпал етеді. Оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын оятады және олардың практикалық дағдыларын дамытады.

Географияны қашықтықтан оқытуда ГАЖ қолдану [101]:

1. Географиялық деректерді визуализациялау

ГАЖ оқушыларға географиялық ақпаратты карталарда көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл географияны зерттеуді көрнекі және қызықты етеді. ГАЖ көмегімен оқушылар географиялық ортадағы өзгерістерді талдай алады, географиялық ерекшеліктер мен процестерді зерттей алады.

2. Зерттеулер мен жобалар

Оқушылар ГАЖ-ды өз зерттеулерін жүргізу, кеңістіктік талдаулар мен зерттеу нәтижелерін визуализациялауды қамтитын жобалар мен презентациялар жасау үшін пайдалана алады.

3. Онлайн оқыту платформалары

Онлайн оқыту мен электрондық оқыту платформаларының дамуымен ГАЖ интерактивті білім беру құралдарының бір бөлігіне айналды. Оқушылар ГАЖ-ға арнайы веб-қосымшалар мен ресурстар арқылы қол жеткізе алады, бұл оларға географияны ыңғайлы уақытта және кез келген жерде үйренуге мүмкіндік береді.

4. Практикалық дағдыларды дамыту

Географияны оқытуда ГАЖ қолдану оқушылардың заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын, аналитикалық ойлауды және білімді нақты жағдайларда қолдану қабілетін дамытады.

Интерактивті карталар және геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) – географиялық деректерді талдауға, карталар жасауға және әртүрлі құбылыстарды модельдеуге мүмкіндік беретін мамандандырылған бағдарламалық өнімдер.

Білім беру ресурстарының бірі графикалық редакторлар негізінде жасалған интерактивті карталар болып табылады [102]. Интерактивті карталарды құру арнайы конструкторлардың – аспаптық орталардың көмегімен жүзеге асырылады. География мұғалімінің интерактивті карталарды жобалауға және қолдануға дайындығын біз географияны оқыту процесінде графикалық редакторлар мен олардың негізінде жасалған интерактивті карталарды дидактикалық тұрғыдан орынды пайдалануды

камтамасыз ететін мұғалімнің арнайы білімінің, дағдыларының, қасиеттерінің, мотивтері мен тәжірибесінің қарқынды дамып келе жатқан жиынтығы ретінде анықтаймыз. Дайындық құрылымында Н.Ю. Куликованың идеяларына сәйкес біз келесі компоненттерді бөліп көрсетеміз [103]:

Когнитивті-операциялық: оқу процесінде графикалық редакторлар мен интерактивті карталардың орны мен рөлін, олардың Географияны оқытудағы әлеуетін және оқу үшін графикалық редакторлар мен интерактивті карталарды пайдаланудың әртүрлі тәсілдерін білу.


Технологиялық: графикалық редакторлармен және интерактивті карталармен жұмыс істеу дағдылары, интерактивті карталарды құру тәжірибесі және интерактивті карталарды қолдана отырып оқыту әдістерін меңгеру.

Рефлексивті-шығармашылық: оқытушының да, оқушылардың да шығармашылық әлеуетін іске асыруға бағытталған графикалық редакторлар мен интерактивті карталарды қолдана отырып, географияны оқытудағы өзіндік және кәсіби мүмкіндіктердің рефлексиясы.

Интерактивті карталарды екі топқа бөлуге болады:

Бірінші интерактивті тақталарда көрсету үшін арнайы әзірленген көрнекі құралдар. Бұл әдетте әр география курсына арналған тақырыптық карталар жиынтығы. Негізгі функцияларға мыналар жатады: масштабты өзгерту, қабаттарды таңдау және олармен жұмыс істеу, анықтамалық материалдардың болуы (графиктер, диаграммалар, ақпараттық мәтін және т.б.), карталарда сурет салу мүмкіндігі. Мұндай карталар, қабырға карталарына заманауи балама болып табылады. Сонымен қатар, олардың бірқатар артықшылықтары бар: егжей-тегжейлі зерттеу үшін қажетті фрагментті үлкейту, белгілер қою, қажетті нысандарды белгілеу, жеке қабаттармен жұмыс істеу, картадан шықпай-ақ қосымша анықтамалық ақпаратпен танысу. Мұндай нұсқаулықтар, әдетте, электронды тасымалдағыштарда шығарылады, бұлтты қоймаларда немесе білім беру электрондық платформаларында орналастырылады, жеке карталарды интернеттен еркін қол жетімді жерден табуға болады.

Екінші интернет желісінде еркін қол жетімді интерактивті карталар. Бұл негізінен «Яндекс Карталар», «Google анықтамалық сипаттағы жалпы географиялық карталарды қамтитын карталар», «2ГИС». Дегенмен, бұл қызметтер масштабты өзгерту, географиялық координаттарды анықтау, қашықтықты анықтау, нысандарды іздеу, панорамаларды қарау сияқты карталармен (атластармен немесе контурлық карталармен жұмыс істеудің баламасы ретінде) қарапайым әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді [104].



Сурет 4 - Интерактивті ауа райы картасы

Нақты уақыт режимінде ауа массаларының қозғалысын, температураны, жауын-шашынды, бұлттылықты, атмосфералық қысымды және т.б. көрсететін әртүрлі ауа райы карталары айқын мысал болып табылады. Бұл карталар динамикалық модельдер болып табылады, бұл мектеп оқушыларының қызығушылығын тудырады. Мұндай картаның мысалы 4-суретте көрсетілген.

Интерактивті карта конструкторларын бөлек атап өткен жөн. Мұнда да екі топты бөлуге болады: тақырыптық ақпаратты картаға түсіруге арналған құралдар жиынтығы бар бағдарламалар және интерактивті карталардың онлайн конструкторлары.

Тақырыптық ақпаратты картографиялық негізді және онлайн интерактивті карта конструкторларын қолдануға арналған құралдар жинағы бар бағдарламалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары [105]:

Ұқсастықтар:

- Деректерді визуализациялау: бағдарламалардың екі түрі де картадағы тақырыптық ақпаратты визуализациялауға арналған, оны түсінікті және аудиторияға қол жетімді етеді.

- Географиялық контекст: екеуі де картографиялық негізді пайдалануға мүмкіндік береді, бұл ақпаратты географиялық контекстке енгізуге көмектеседі.

Айырмашылықтар:

- Қиындық деңгейі: құралдар жинағы бар бағдарламалар көбінесе онлайн интерактивті карта конструкторларына қарағанда кәсіби картографиялық талдау мен визуализацияға көбірек мүмкіндіктер береді.

- Баптау икемділігі: Интернеттегі конструкторлар көбінесе пайдаланудың қарапайымдылығына бағытталған және қуатты бағдарламалармен салыстырғанда баптау мүмкіндіктерімен шектеледі.

Құралдар жинағы бар бағдарламалар мен онлайн конструкторлары бар бағдарламалар арасында таңдау сіздің деректерді өңдеу және визуализация

кажеттіліктеріңізге, сондай-ақ тәжірибе деңгейіңізге және онлайн қызметтердің қолжетімділігіне байланысты.

Сыныптағы қосымшаларды қолданбас бұрын немесе оларды оқушыларға ұсынбас бұрын, мұғалім оқу процесіне қосымшалардың әртүрлі түрлерін қалай біріктіруге болатындығы туралы нақты түсінікке ие болуы керек. К. Шипманның айтуы бойынша [106, 326], мобильді оқыту қосымшаларының әр түрлі түрлері бар:

- ұсынылған ақпаратқа жаңа ақпарат қоса алатын мазмұн қосымшалары (content apps);

- оқушыларға ақпаратты жинауға және сақтауға көмектесетін практикалық қосымшалар (fieldwork apps);

- оқушыларға басқа адамдардың сөйлеуін тыңдауға немесе өз сөздерін жазуға мүмкіндік беретін дыбыстық және визуалды қосымшалар (sound and vision apps);

- карталар мен географиялық орындар туралы ақпарат беретін картографиялық қосымшалар (mapping apps);

- шығармашылық қосымшалар (creative apps), мұнда оқушылар өз жұмыстарын жақсарту немесе ақпарат қосу үшін жеке суреттер жасай алады.

Сонымен қатар, қосымшаларды функциялар санына қарай екі санатқа бөлуге болады: бір функционалды қосымшалар (single function apps) және көп функциялы қосымшалар (multiple function apps).

Ф. Хаддадж мен С. Латтенманның зерттеулеріне сәйкес, мобильді қосымшалардың тиімділігін бағалау үшін үш параметр қолданылады: жылдамдық, сенімділік (қауіпсіздік) және қарапайымдылық. Мобильді қосымшалардың жылдамдығы оқушылар мен оқытушыларға әр түрлі құрылғылардан қол жетімділікті қамтамасыз ете отырып, тезірек және тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді [107, 121 б]. Сенімділік пайдаланушылардың тапсырмаларды тиімді орындай алуын және материалды игеру кезінде олардың қабілеттеріне сенімді болуын қамтамасыз етеді. Қарапайымдылық мобильді қосымшаны қаншалықты оңай және тиімді пайдалануға болатындығын анықтайды.

Таңдау кезінде мобильді қосымша ішінде оқу құралының сапасы бірқатар бағалау критерийлерін ескеру қажет. Д. Нисбет және Д. Остин келесі критерийлерді қолданады [108, 3 б]:

- 1) практикалық;
- 2) қол жетімділік;
- 3) пайдалану мүмкіндігі;
- 4) сапа.

Мобильді қосымшалар оқушыларға интерактивті білім беру материалдарының кең спектрін ұсынады. Оларға тесттер, викториналар, интерактивті карталар, сондай-ақ географиялық ойындарға қатысу мүмкіндігі. Бұл оқу процесін қызықты әрі есте қаларлық етеді, өйткені білім алушылар материалмен белсенді араласады.

Кейбір мобильді қосымшалар оқушыларға географтардың, экологтардың және басқа мамандардың жергілікті және жаһандық

қауымдастықтарымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді [109, 4 б]. Бұл қоршаған ортаның өзгеруін бақылау жобаларына қатысуды, бірлескен зерттеулерді және география бойынша тәжірибе алмасуды қамтиды.

Геолокациялық технологияны қолданатын мобильді қосымшалар оқушыларға географияны дәл сол жерде үйренуге мүмкіндік береді. Олар қоршаған аймақты зерттей алады, координаттарды анықтай алады, жергілікті көрікті жерлерді, географиялық ерекшеліктерді зерттей алады, бұл оқуды практикалық және жанды етеді.

География бойынша мобильді қосымшалар әлемдік географияны зерттеу мен түсінудің ыңғайлы әдісін ұсынады. Төменде осындай қосымшалардың бірнеше түрлері келтірілген [110, 80 б]:

- Google карталары: бүкіл әлем бойынша егжей-тегжейлі карталар мен навигациялық деректерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
- Maps.me: Интернетке кірусіз пайдалану үшін карталарды жүктеу мүмкіндігін ұсынады.
- GeoGuessr: пайдаланушыларға Google Street View суреттеріне негізделген орынды болжауға мүмкіндік беретін ойын.
- National Geographic World Atlas: интерактивті карталарды, географиялық деректер мен фотосуреттерді зерттеуге мүмкіндік береді.
- Weather Underground: бүкіл әлем бойынша егжей-тегжейлі метеорологиялық деректер мен болжамдарды ұсынады.
- iNaturalist: пайдаланушыларға қоршаған ортадағы өсімдіктер мен жануарлар түрлерін тіркеуге және анықтауға мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшалар – геолокациялық ойындарды, квесттерді және тренажерлерді қоса алғанда, географиялық білімді зерттеуге бағытталған смартфондар мен планшеттерге арналған қосымшалар [111].

Қазіргі кезде сабақты қызықты өткізу үшін тақырыпты жетік меңгеру, әңгімелей білу жеткіліксіз. Оқушылардың біркелкі зейініне жету үшін әр сабақты қызықты саяхатқа айналдыру керек. Бұл бірінші кезекте географияға қатысты. Уақыт өте география оқушыларды әртүрлі елдерге, ғарышқа немесе Қазақстанның барлық аймақтарына, тіпті жердің кез-келген бөлігіне саяхат жасауға мүмкіндік береді [112, 55 б]. Мұндай сабақтар мүмкіндігінше бейнелер, инфографика, модельдер және т.б. сияқты айқын және интерактивті визуализацияларды қажет етеді. Әрине, сабақты әдеттегідей: сыныпта басып шығарылған карталарды ілу, оқушыларға түрлі-түсті оқулықтарды тарату арқылы да өткізуге болады, бірақ балалар күн сайын әлдеқайда жақсы дамыған визуализацияға тап болатын жағдайда басып шығарылған атластар оларды қызықтырмайды. Сондықтан қашықтықтан оқыту кезінде де және оффлайн кабинетте өтетін сабақ барысында да мультимедиялық қосымшалар мен ойындарды пайдалануды ұсынамыз.

География сабақтарында қолдануға болатын Google-дың тағы бір жобасы - Google Earth ресурсы. Бұл қосымша оқушыларға жерге виртуалды тур жүргізуге көмектеседі [113, 5 б].

Сонымен қатар, сіз әртүрлі географиялық сайттарды пайдалана аласыз. Анықтамалық веб-сайттар мен қолданбалар төменде келтірілген:

Олардың ішінде:

<http://geacron.com/home-en/> (уақыттағы саяси картаның атласы),

<http://geo.historic.ru/geographic-atlas/st015.shtml> (анықтамалық кітап).

Зерттеуге байланысты алдымен, виртуалды шындықты түсінудің үш негізгі тәсілін бөліп көрсетуді орынды деп санадық:

О.Е. Баксанский, С.А. Борчикова, Д.В. Иванова және т.б. зерттеулерін бірінші тәсілге жатқызуға болады: өте кең, оның шеңберінде виртуалды шындық барлық шындықты білдіреді, өйткені субъект объективті әлеммен емес, ол туралы идеялармен өзара әрекеттеседі.

Екінші тәсіл В.С. Бабенко, В.А. Глазунов, Д.И. Шапиро зерттеулеріне сәйкес, виртуалды шындықты заманауи ақпараттық технологиялар контекстінде түсіну болып табылады.

Үшінші тәсіл О.С. Анисимов, О.Н. Астафьева, С.И. Орехов және т.б. зерттеулерімен анықталады, яғни виртуалды шындық ұғымы когнитивті және әлеуметтік модельдердің, абстрактілі ұғымдар мен категориялардың, көркем фантастика мен қиял бейнелерінің, сондай-ақ армандардың, сананың өзгерген күйлерінің шындығына қолданылады [114].

Алайда, виртуалды шындық құбылысын зерттеудің қазіргі жағдайы бұл құбылыстың нақты және толық сипаттамасын, оның маңызды ерекшеліктерін, сондай-ақ виртуалды шындық типологиясын бермейді.

Білім беру саласындағы виртуалды шындық – бұл модельдеу ортасын құру үшін компьютерлік технологияны қолдану деп, қарастырамыз. Дәстүрлі пайдаланушы интерфейстерінен айырмашылығы, виртуалды шындық пайдаланушыны тәжірибеге енгізеді. Пайдаланушылар үш өлшемді әлемдермен өзара әрекеттесіп, көру, есту, жанасу сияқты көптеген сезімдерге еліктей алады, компьютер осы жасанды әлемге өткізгіштікке айналады [115, 323 б]. Әлеуметтік қашықтаудың шектеулеріне байланысты виртуалды шындықты қолдану 2020 жылдан бастап, әсіресе білім беру саласында күрт өсті.

Сондай-ақ, В.И. Блиновтің пікірінше: мектеп оқушыларының жаңа буыны (Z буыны, 2000 жылдардың балалары) иммерсивті технологиялар қалыптастыратын цифрлық ортада өмір сүруде [116]. Атап айтқанда: үлкен деректер массивтері, жасанды интеллект, робототехника компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, телекоммуникация және бұлт технологиялары, электрондық сәйкестендіру және аутентификация технологиялары, 3D-технологиялары, виртуалды, толықтырылған және аралас шындық және т.б. Білім берудің барлық салаларында иммерсивті технологияларды қолданудың өзектілігі мен маңыздылығы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «2030 жылға дейінгі кезеңге арналған орнықты даму саласындағы күн тәртібіне» сәйкес келетін ЮНЕСКО-ның жаңа ұсыныстарында көрінеді («UNESCO ICT Competency framework for Teachers. VERSION 3», 2018).

Иммерсивті оқыту – бұл жасанды немесе модельденген ортаны қолданатын әдіс, соның арқасында оқушылар оқу үдерісіне толықтай ене

алады. Иммерсивті оқыту оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, сондықтан оқуды нәтижелі және құнды етеді [117].

Виртуалды шындық (VR) технологиясы нақты сценарийлерді қайта құру үшін сандық модельдеуді қолданады. Оқушы шлемді киіп виртуалды әлемге енеді, физикалық қол жетімді емес жерлерге саяхаттай алады. Виртуалды шындықты оқушылардың оқуы мен белсенділігін жақсарту үшін пайдалануға болады [118].

Виртуалды шындықтағы білім - білім беру контентін жеткізу тәсілін өзгерте алады; ол виртуалды әлемді құру негізінде жұмыс істейді, яғни нақты немесе қиял және пайдаланушыларға оны көруге ғана емес, онымен өзара әрекеттесуге де мүмкіндік береді. Виртуалды шындықтың білім беру саласына әсері үлкен. Оқушылар виртуалды экскурсиялар жасайды, сонымен қатар химия, физика сабақтарында денсаулыққа қауіпті деп табылатын, оқу орнында түрлі тәжірибені жасап көруге мүмкін емес жағдайда виртуалды әлемде көріп және ғарышқа зымырандар ұшыра алады.

Виртуалды оқу орнының өзіндік ерекшелігі сияқты, артықшылықтары да бар: оның мәні мынада, ұялшақ оқушыларға виртуалды сыныптарға қатысу әлдеқайда ыңғайлы, демек, оларда ешқандай алаңдаушылық болмайды. Егер олар нақты сыныпта қолдарын көтерсе, басқа оқушылар оларды бақылап отырады; қол жетімділік – кез-келген оқушы компьютерге қол жетімді болса және тұрақты интернет байланысы болса, білім беру үдерісіне қатыса алады; тренингтегі жедел кері байланыс – интернеттегі оқыту сабақтарының көпшілігі тез арада кері байланыс мүмкіндігін ұсынады. Бұл дәстүрлі оқуға қарағанда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға мүмкіндік беру арқылы ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [119, 574 б].

Виртуалды шындық мәтіндік мазмұнды 3D форматында бейне және аудио формаларында ойнатуға көмектеседі, бұл түсінуді жеңілдетеді, сонымен қатар суреттерді есте сақтауға көмектеседі.

Виртуалды экскурсиялар мен 3D модельдеу географияны оқытуда оқу процесін байытудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады, бұл оны интерактивті және иммерсивті етеді.

Географияны оқытуда виртуалды экскурсиялар мен 3D модельдеуді қолданудың артықшылықтары [120, 52 б]:

1. Шалғай жерлерге қол жеткізу: оқушылар денсаулыққа қауіп төндірмей және айтарлықтай қаржылық шығындарсыз әлемнің алыс, жету қиын немесе қауіпті аймақтарын зерттей алады.
2. Қызығушылықты арттыру: рельефті визуализациялау және интерактивті элементтер оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясының артуына ықпал етеді.
3. Масштабтар мен кеңістіктік қатынастарды түсіну: 3D модельдеу объектілердің өлшемдері мен олардың арасындағы қашықтықты жақсы түсінуге, сондай-ақ күрделі кеңістіктік байланыстарды түсінуге көмектеседі.

4. Жеке оқыту: оқушылар зерттеу қарқынын өз бетінше таңдай алады, оларды қызықтыратын аспектілерге тоқталып, тереңірек зерттей алады.
5. Интерактивтілік және практикалық тәжірибе: виртуалды экскурсиялар мен 3D модельдер оқушыларға объектілерді бақылап қана қоймай, өзара әрекеттесуге, виртуалды эксперименттер мен тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Білім беруде қолдану мысалдары:

Google Earth және Google Maps: планетаның әртүрлі бұрыштарын зерттеуге, спутниктік және көше суреттерін көруге, қалалар мен табиғи нысандардың 3D үлгілерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Виртуалды мұражайлар мен көрмелер: көптеген мұражайлар өздерінің экспозицияларына виртуалды турлар ұсынады, бұл әсіресе әртүрлі халықтардың географиялық ашылуларын, мәдениеттері мен тарихын зерттеуде пайдалы.

Мамандандырылған білім беру платформалары: мысалы, National Geographic Education география, табиғаттану және экология бойынша виртуалды экскурсиялар мен интерактивті сабақтар ұсынады.

ГАЗ-дағы 3D модельдеу (геоакпараттық жүйелер): ArcGIS сияқты ГАЗ бағдарламалық жасақтамасы ландшафттардың егжей-тегжейлі 3D модельдерін жасауға, географиялық деректерді талдауға және жан-жақты зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытудың негізгі мақсаты – білім алушылардың білім беру салаларында өздерінің білім беру өнімдерін құру, олардың қол жеткізген нәтижелерді көрсетуі және талқылау үшін цифрлық технологияларды қолдануы [121].

Қашықтықтан оқыту нәтижелеріне әсер ететін тағы бір маңызды қағида - рефлексия принципі. Егер күндізгі оқытуда мұғалім оқушының жанында тұрып оған берілген тапсырманы орындатып, сабақ өтуге кедергі жасайтын заттарды ысырып, оған ескертулер жасай алса, онда мұғалімнің қашықтықтан оқытуында мұндай мүмкіндігі жоқ. Бір сәтте оқушы бейнені өшіреді немесе байланыс мүлдем жоғалады. Экранның артқы жағында не болып жатыр? Егер оқушыға тапсырма ұсынылса, онда мұғалімнің бақылау-қадағалау рөлі де жойылады. Сонымен, бұл рефлексия әдісі оқытудың белсенділік нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Оқушыларға арналған бетпе-бет сынақ немесе қашықтықтан емтихан рефлексивті сұрақтар мен тапсырмаларға негізделеді.

Білім берудегі бақылау дегеніміз – оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын, іс-әрекет тәсілдерін, қабілеттерін, құзыреттіліктерін анықтау, тексеру және бағалау. Бағалаудың мақсаты – оқушының оқу деңгейі мен сапасын, оның оқу еңбегінің көлемін, ішкі өсімін анықтау [123, 9 б].

Бақылауды ұйымдастырған кезде нәтижені кім бағалайтынын ескеру маңызды? Қашықтықтан оқытуда бұл оқушының өзі болуы мүмкін, оның сыныптағы әріптесі (өзара бақылау), мұғалім, шақырылған сарапшы (қашықтықтан оқытуда мұны бетпе-бет оқуға қарағанда оңайырақ), сонымен қатар компьютерлік бағдарлама қосымшалары.

География бойынша қашықтықтан оқытуда оқушылардың білімін бағалау және тексеру онлайн форматтың ерекшеліктерін ескеретін арнайы тәсілдер мен құралдарды қажет етеді. Интерактивтілік пен оқуға деген ынтаны сақтай отырып, білім алушылардың білімі мен дағдыларын тиімді бағалауға мүмкіндік беретін көптеген сандық құралдар мен әдістер бар.

Электрондық тесттер мен квиздар

Google форма: сұрақтардың әртүрлі түрлерін жасауға мүмкіндік береді, соның ішінде жауап таңдау, бос орындарды толтыру және қысқа жауаптар. Автоматты тексеру және кері байланыс үшін ыңғайлы [124, 4 б].

Kahoot! және Quizizz: тесттер өткізу үшін де, ойын түрінде шолу сабақтарын ұйымдастыру үшін де пайдалануға болатын интерактивті квиздерді құруға арналған ойын платформалары [125, 27 б].

Жобалық тапсырмалар және портфолио:

Google Drive және Google Classroom: жобалық жұмыстар мен оқушылар портфолиосын тапсыруға және сақтауға арналған ыңғайлы құралдар. География туралы білімді де, ақпаратпен жұмыс істеу, зерттеу нәтижелерін талдау және ұсыну қабілеттерін де бағалауға мүмкіндік береді.

Padlet: жобаларды құруға және бірлесіп жұмыс істеуге арналған Виртуалды тақта, ұжымдық зерттеулер мен идеялармен бөлісу үшін өте қолайлы [126, 158 б].

Виртуалды зертханалық жұмыстар және модельдеу:

GIS платформалары: геоақпараттық жүйелерге арналған бағдарламалық жасақтама (мысалы, ArcGIS Online) күрделі географиялық талдаулар мен зертханалық жұмыстарды онлайн режимінде жүргізуге мүмкіндік береді.

Google Earth және Google Maps жобалары: виртуалды экскурсиялар, ғылыми жобалар және картаға түсіру тапсырмаларын жасау үшін құрал деректерін пайдалану.

Онлайн пікірталастар мен презентациялар:

Zoom, Google Meet, Microsoft Teams: бейнеконференция платформаларын онлайн пікірталастар өткізу, жобалар мен презентацияларды қорғау үшін пайдалануға болады. Бұл мұғалімге оқушылардың білімін ғана емес, сонымен қатар олардың өз ойларын дәлелді түрде жеткізе білу қабілетін бағалауға мүмкіндік береді [127].

Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау:

Peergrade және басқа да өзара бағалау құралдары: оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауды және сындарлы кері байланыс беру қабілетін дамыта отырып, құрдастарының жұмысын алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл құралдарды пайдалану мұғалімдерден мұқият жоспарлау мен дайындықты, соның ішінде бағалау критерийлерін әзірлеуді, оқушыларды таңдалған платформалармен жұмыс істеуге үйретуді және бағалаудың адалдығы мен объективтілігін қамтамасыз етуді талап етеді.

Гибриді курстарды қалыптастыру - күрделі мәселелерді талқылау және практикалық тапсырмаларды орындау үшін онлайн сабақтарды тұрақты бетпе-бет кездесулермен біріктіру [128, 248-250 б].

- Bilimland: интерактивті сабақтар, бейне, анимация және интерактивті тесттерді қолданатын мультимедиялық сабақтарды, Ұлттық тестілеуге дайындалуға арналған арнайы курстарды, оқуды ынталандыратын және мотивацияны арттыратын ұпайлар, медальдар және рейтингтер сияқты ойын элементтерін, жалпы мультимедиялық оқу материалдарын ұсынады.
- Thinglink: географиялық ұғымдарды суреттеу үшін пайдалы болуы мүмкін интерактивті кескіндер мен бейнелерді жасау құралы.
- MapQuiz: бұл әртүрлі географиялық викториналар мен жаттығулардан тұратын веб-сайт.
- Flippity: әртүрлі оқу құралдарына оңай түрлендіруге болатын Google Sheets үлгілерінің кең ауқымын ұсынады. Бинго, кроссвордтар, квиздер, уақыт викториналары және басқа да көптеген ойын түрлері.
- LearningApps: медиа мен ойын элементтерін біріктіруді қолдайтын интерактивті оқыту блоктарын жасауға мүмкіндік беретін вебке негізделген платформа.

Педагогикалық эксперименттің міндеттеріне сүйене отырып, олардың негізгі ережелері қалыптасады:

1) Қазақстан географиясы пән бойынша 9-10 сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру көрсеткіштерін және деңгейлерін айқындау;

2) зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру процесінде Қазақстан географиясы пәні бойынша қашықтықтан оқыту әдістемесін әзірлеу;

3) педагогикалық эксперимент қорытындыларын талдау.

Зерттеудің гипотезасы мен міндеттеріне сәйкес осы тарауда біз Қазақстан географиясын қашықтықтан оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері бойынша жұмысты ұйымдастыру мен нәтижелерін ұсынамыз. Педагогикалық зерттеу эксперименттің өзара байланысты және өзара тәуелді

кезеңдерінің жүйесі болды. Олардың әрқайсысы нақты тапсырмалар мен зерттеу әдістеріне сәйкес келді.

Эксперименттің бірінші кезеңі – **анықтаушы кезең**. Бұл процесте келесі міндеттер шешілді:

1. Бастапқы кезеңде оқушылардың зерттеу дағдыларының деңгейін бағалау. Оған ғылыми сұрақтарды тұжырымдау, деректерді жинау және талдау, қорытынды жасау және нәтижелерді ұсыну мүмкіндігі кіреді.
2. Оқушылардың Қазақстан географиясы туралы білімдеріндегі және олардың зерттеу дағдыларындағы бар олқылықтарды анықтау.
3. Қажетті жабдықтар мен интернет байланысының болуын қоса алғанда, оқушылардың қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануға қолжетімділігі мен дайындығын бағалау.

Деректерді жинау әдістері:

1. Білім мен дағдылар туралы алғашқы ақпаратты жинау үшін оқушылар мен оқытушылармен сауалнама және сұхбат.
2. Географияның зерттеу дағдылары мен білімінің бастапқы деңгейін бағалауға арналған тестілеу.

Эксперименттің екінші кезеңі **қалыптастырушы кезең** болып табылады.

1. Қазақстан географиясын зерттеу кезінде зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған қашықтықтан оқыту бағдарламасын әзірлеу және енгізу.
2. Оқушыларды курсты сәтті меңгеру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, соның ішінде электрондық оқу материалдарына, интерактивті карталарға және дерекқорларға қол жеткізу.
3. Оқушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыру үшін географиядан бірқатар вебинарлар мен онлайн семинарлар өткізу.
4. Қазақстанның нақты географиялық зерттеулерінде зерттеу дағдыларын қолдануға бағытталған практикалық тапсырмалар мен жобаларды ұйымдастыру.

Эксперименттің үшінші кезеңі – **бақылау кезеңі**. Бұл кезеңнің міндеті алынған деректерді талдау және өңдеу болды.

Зерттеу онлайн және оффлайн форматта жүрді. Яғни офлайн оқытуда бақылау тобы дәстүрлі форматта оқытылды, ал эксперименттік топ қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып оқытылды. Онлайнда да екі топ болды. Онда да бір топ бақылау тобы дәстүрлі форматта, ал екінші эксперименттік топ қашықтықтан оқыту технологиясымен оқытылды.

Қалыптастырушы кезеңде онлайн форматта эксперименттік топ және бақылау тобы оқушыларына сабақтар қашықтықтан өткізілді. Емтихандар да қашықтықтан өткізіліп отырды.

Кесте 3 - Зерттеу жұмысына қатысушылар және оқыту форматы

Оқыту	Оффлайн оқыту	Онлайн оқыту
-------	---------------	--------------

форматы				
Топ түрі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Сынып/бала саны	9 «А» сынып – 15 оқушы	9 «Б» сынып – 15 оқушы	9 «С» сынып – 15 оқушы	9 «Д» сынып – 15 оқушы
	10 «А» сынып – 15 оқушы	10 «Б» сынып – 15 оқушы	10 «С» сынып – 15 оқушы	10 «Д» сынып – 15 оқушы
Оқыту түрі	Қашықтықтан оқыту технологиясы	Дәстүрлі оқыту	Қашықтықтан оқыту технологиясы	Дәстүрлі оқыту

Зерттеу барысында біз Қазақстан географиясы сабақтарында 9-10 сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту жүйесін әзірледік. Бұл әдістемелік жүйе оқушылардың зерттеу қабілеттерін жақсартуға ықпал ететін оқу материалдарын іздеуге бағытталған. Зерттеу дағдылары үш деңгейге бөлінеді: базалық, жетілдірілген және жоғары. Олардың әрқайсысы оқу тапсырмаларын орындаудағы оқушылардың тәуелсіздігі мен белсенділік деңгейін сипаттайды.

Базалық деңгейде оқушылар жеке операциялар мен қарапайым іс-шаралар әдістерін меңгереді. Олар берілген алгоритм бойынша тапсырмаларды орындайды және оларды орындаудың негізгі қадамдарын түсінеді. Алайда, бұл деңгейде оқушылар өз әрекеттерін жоспарламайды немесе басқармайды.

Зерттеу дағдыларының жетілдірілген деңгейінде оқушылар оқу мәселелерін өз бетінше шеше алады. Олар өз қызметін талдайды, тапсырмаларды орындау процесін жоспарлайды және бақылайды. Оқушылар мұғалімдермен ынтымақтасуға үйретілген және әртүрлі оқу тапсырмаларын орындау үшін өз әрекеттерін бейімдей алады.

Жоғары деңгейде оқушылар зерттеу жұмыстарын өз бетінше ұйымдастыруға және жүргізуге мүмкіндік беретін іс-қимыл жүйесін меңгереді. Олар мақсат қояды, мақсатқа жетудің қажетті құралдары мен тәсілдерін іздеуді, тапсырмаларды орындау процесін бақылауды және түзетуді біледі. Осы деңгейдегі оқушылар өз әрекеттерін нақты жағдайға қарай бейімдей алады және мәселені шешудің оңтайлы жолдарын таңдай алады. Бұл деңгей сонымен қатар өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу элементтерін қамтиды.

Зерттеу әрекеттерінің негізгі, жетілдірілген және жоғары деңгейлерінің сипаттамасы 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 - Зерттеу әрекеттерінің негізгі, жетілдірілген және жоғары деңгейлерінің сипаттамасы

Оқу іс-әрекетінің даму деңгейі	Деңгей сипаттамасы
Базалық деңгей	Оқушылар сыртқы ынталандырумен оқу зерттеулерін жүргізеді. Олар қарапайым үлгілік зерттеулерді орындай алады және зерттеу жұмысын ұйымдастырудың негізгі

	біліміне ие. Оқушылардың жеке зерттеу дағдылары да бар.
Жетілдірілген деңгей	Оқушылар зерттеу қызметі саласында айтарлықтай білімге ие. Олар мұғалімнің көмегімен зерттеудің тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін дербес анықтай алады, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алады. Оқушылар зерттеу міндеттерін өз бетінше шеше алады және зерттеу нәтижелерін ұсына алады.
Жоғары деңгей	Оқушылар оқу зерттеулеріне үнемі қызығушылық танытады және зерттеу тақырыбын таңдауда шығармашылықпен айналысады. Олар зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін дербес тұжырымдай алады, сонымен қатар зерттеу процесінің әртүрлі кезеңдерінде оларды шешудің оңтайлы әдістерін таңдай алады. Оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелерін ұсынуда шығармашылық ойлауды және стандартты емес тәсілді көрсетеді.

Осылайша, біз оқушылар мен оқытушы арасындағы тиімді өзара әрекеттесу үшін белгілі бір оқушының немесе сыныптың зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін түсінеміз, бағалаймыз және болжай аламыз.

Қалыптасу деңгейін бағалау үшін біз мектеп оқушылары үшін зерттеу дағдыларын бағалау критерийлерін жасадық. Критерийлер 5-кестеде берілген.

Кесте 5 - Зерттеу қызметіндегі мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын бағалау критерийлері

Балл	Қызмет мазмұны	Тапсырмаларды орындау %	Шеберлік деңгейі
1	Оқушы зерттеу сұрағын анықтай алады және негізгі мәселені түсінеді, бірақ зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін әрең тұжырымдайды.	1-5	Базалық
5	Зерттеу контекстін терең түсінбестен алынған ақпаратты қарапайым талдау, терең талдаусыз немесе қорытындысыз нәтижелерді есеп немесе презентация сияқты қарапайым түрде ұсына алады.	6-11	Базалық
10	Оқушы зерттеу мәселесін түсінуді көрсете отырып, зерттеу сұрағын, мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдайды. Оқушы деректерді талдаудың негізгі әдістерін қолдана отырып, жиналған ақпаратқа талдау жасайды. Талдау негізінде қорытынды жасай алады.	12-30	Жетілдірілген
15	Оқушы әртүрлі бейнелеу құралдарын қолдана отырып, нәтижелерді құрылымдық түрде ұсынады. Презентацияда зерттеудің талдауы мен қорытындылары бар. Оқушы зерттеу мәселесін терең түсінеді, нақты мақсаттары мен міндеттері бар кешенді зерттеу жоспарын жасайды.	31-50	Жетілдірілген

20	Мета-пәндік және зерттеу қызметінің әдістерін меңгергендігін, игерілген теориялық бірліктерді стандартты емес, шығармашыл қолдануды көрсетеді. Ақпаратты сыни талдау және синтездеу қабілетін көрсетеді.	51-70	Жоғары
25	Оқушы нәтижелерді жетілдірілген бейнелеу құралдарын қолдана отырып, жан-жақты және кәсіби түрде ұсынады.	71-100	Жоғары

Педагогикалық зерттеудің айқындаушы кезеңінің міндеттерін шешу үшін 5-кестеде ұсынылған критерийлік көрсеткіштер бойынша оқушылардың Қазақстан географиясы пәнінен зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың бастапқы деңгейін зерделеу жүргізілді. Оқушылардың бастапқы Қазақстан географиясы пәнінен зерттеушілік дағдыларын тексеру үшін бақылау жұмысы алынды (қосымшада көрсетілді). Бақылау жұмысы 2023 жылдың 11-қыркүйегінде алынды. Тест жұмысына 1 пар сабақ (80 минут) уақыт берілді. Жалпы тест PISA форматына ұқсас. Тест жұмысы бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар, бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары және ашық тапсырмалардан тұрады.

Анықтаушы кезеңде біз жасаған тапсырмалардың көмегімен оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру деңгейі тіркелді. Нәтижесінде оқушылар үлгі бойынша шағын зерттеулер жүргізуге қабілетті деген болжам расталды, өз зерттеулерін ұйымдастырудың қарапайым білімдерін меңгергені атап өтілді.

Тәжірибелік-ізвестіру жұмысының қалыптастырушы кезеңі шеңберінде біз өзіміз әзірлеген зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен өткізілген сабақтар жүйесін іске асырдық. Осы кезеңнің соңында біз оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейлерін бағаладық. Қалыптастырушы кезең барысында біз география сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың жалпы динамикасын атап өттік. Нәтижелерді жақсарту, біздің ойымызша, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталып әзірленген тапсырмалар мен сабақтарды оқу процесіне біріктірумен байланысты.

Қалыптастырушы кезеңде біз онлайн форматта да, офлайн форматта да оқушыларға сабақтар қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы өткізілгенін атап өттік. Осы орайда «Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану аясы» атты тақырыпқа қашықтықтан оқыту технологиясымен жүргізілген сабақ үлгісі төменде 6 кестеде келтірілген.

Кесте 6 - Қашықтықтан оқыту әдістемесі мен сабақ барысы

Сабақ барысы	Әдістеменің артықшылығы
1.Оқушыларға алдын ала үйге jo.kz қосымшасы арқылы бейнематериалдармен танысу тапсырмасы берілді. Оқушы сабақты 1	Сабақтың видеосы 5-9 минут аралығын құрайды. Оқушының фокусын ұстап тұратындай ұзақтықта жасалған. Видео сабақ кино форматында сабақты түсіндіретін


күн бұрын көреді. Онлайн форматта келесі күні күнтізбе бойынша сабақ уақытында 40 минуттық тікелей эфир болады. Тікелей эфир пән мұғалімімен онлайн Google Meet арқылы болады.	дыбыс жазбамен ұсынылады. ➤ Бейнелерде визуализация жақсы жасалған, бұл оқушыларға ақпаратты жақсы есте сақтауға көмектеседі. ➤ Бейненің жеткілікті ұзақтығы оқушылардың фокусын ұстап тұрады. ➤ Оқушылар ақпаратты визуалды қабылдау қабілетін дамытады.
2.Кіріспе және сабақ мақсаттары (5 минут) Алдын ала берілген бейнені және оның негізгі сәттерін сыныппен талқылау.	Тақырыпқа шолу жасау (ақыл ой картасы қолданылды), мақсатты айқындау оқушы сабақтан не алатындығын айқындайды.
3.«Ой қозғау» (Brain Storming) әдісі (5 минут) Тақырыпқа қатысты видеодан, сабақ сипаттамасынан сұрақтар қойылады. Оқушылар өз идеялары мен пікірлерін қоса алатын виртуалды миға шабуыл тақтасын жасау үшін Flippity қолданбасын пайдалану.	<i>Шығармашылықты ынталандыру:</i> миға шабуыл оқушыларды шығармашылық және қалыптан тыс ойлауға итермелейді, бұл әсіресе географиялық зерттеулерде маңызды. <i>Белсенді қатысу:</i> әр оқушы сөйлеу мүмкіндігіне ие болады, бұл оқу процесіне қатысуды арттырады. <i>Қарым-қатынас дағдыларын дамыту:</i> оқушылар өз ойларын тұжырымдауды, дәлелдеуді және құрдастарының алдында өз көзқарастарын қорғауды үйренеді. Flippity құрал ретінде: оқушылардың идеялары мен пікірлерін ұйымдастыруды жеңілдетеді, бұл ақпаратты барлық қатысушыларға қол жетімді және түсінікті етеді.
Теориялық бөлім (7 минут) <i>Тақырып бойынша мысал:</i> Қашықтықтан зондтаудың негізгі әдістеріне шолу: спутниктік зондтау, аэрофототүсірілім, SAR, лидар. ГАЗ қолдану мысалдары: климаттың өзгеруін бақылау, урбанистика, табиғи ресурстарды басқару.	Презентациялар мен кері байланыс арқылы сабақты түсіндіру, талдау оқушыларға тақырыпты түсінуге көмектеседі.
4. Зерттеу қызметі (15 минут) Тапсырма: таңдалған аймақтың ландшафтындағы өзгерістерді талдау үшін интерактивті картаны (Google Earth немесе Arcgislline) пайдалану. Тапсырманың мақсаттары: соңғы 10 жылдағы ландшафттағы өзгерістерді анықтау. Деректерді жинау, талдау және есеп жасау үшін ГАЗ құралдарын пайдалану. Әдістеме: проблемалық-бағдарланған оқыту, мұнда оқушылар мәселені шешу үшін топтарда жұмыс істейді, зерттеу нәтижелерін қысқаша баяндама түрінде ұсынады.	Сыни ойлауды дамыту: оқушылар нақты деректерді талдайды, қорытынды жасайды және талдауға негізделген шешімдер қабылдайды. Практикалық дағдылар: оқушылар теориялық білімді белгілі бір мәселені шешу үшін ГАЗ көмегімен тәжірибеде қолданады. Материалды терең түсіну: нақты мәселелерді шешу зерттелетін материалды жақсы игеруге және түсінуге көмектеседі. Оқушылар берілген тақырыпты өз бетінше зерттейді, бұл өзін-өзі ұйымдастыру мен жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді. Заманауи технологияларды қолдану.

5. Материалды бекіту (5 минут) Quizziz викторинасы: оқушылардың білімін тексеру және бекіту үшін сабақтың негізгі тақырыптары бойынша сұрақтары бар жылдам тест.	Дереу кері байланыс: оқушылар жауаптарының нәтижелерін бірден көреді, бұл оларға ақпаратты тез сіңіруге және қателерді түзетуге көмектеседі. Мотивация: ойын және бәсекелестік элементтері (ұпайлар, таймерлер, лидербордтар) оқу процесін қызықты әрі ынталандырады. Қайталау және бекіту: Викторина оқушыларға сабақтың материалын қайталауға және бекітуге көмектеседі, бұл ақпаратты ұзақ мерзімді есте сақтауды жақсартады.
Сабақтың қорытындылау (3 минут): Викторина мен зерттеу нәтижелерін талқылау. Сұрақтар мен жауаптар: оқушылар сабақ материалына немесе зерттеу процесіне қатысты сұрақтар қоя алады. Үй тапсырмасы: шағын жобаны дайындаңыз: белгілі бір аймақтағы экологиялық өзгерістерді зерттеу және нәтижелерді презентация немесе есеп ретінде ұсыну үшін ГАЖ пайдаланыңыз.	Сұрақ-жауап сессиясы оқушыларға тақырып бойынша білімдерін тереңдетуге және кез-келген күмәнді жоюға көмектеседі. ГАЖ көмегімен жобалар құру оқушыларға теориялық білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді, бұл материалды бекітудің тамаша тәсілі. Оқушылар аймақтағы экологиялық өзгерістерді талдау және нақты геодеректермен жұмыс істеу арқылы зерттеу дағдыларын дамытады.

Бұл сабақ қашықтықтан зондтау әдістері мен ГАЖ тақырыбын мысалға келтіре отырып алынды. Оқушылар сабақтан оқушылар алған білімдерін сыни ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуда қолдана отырып, практикалық зерттеу қызметінде белсенді қолдануға мүмкіндік алады. Сонымен бірге негізгі мақсат оқушыны ойландыру және өмірде алған білімді қолдануға бағдар беру, ұғындыру. Төмендегі суретте Joо.kz платформасындағы география пәні сабақтарына кіру, сабақтар қалай ашылатыны көрсетілген.

Сабақ барысында қолданылған әдістеме география сабағын ақпараттық қана емес, сонымен қатар қызықты, белсенді және заманауи етті. Оқушылардың көбісіне бұл оқыту бағдарламалары тансық болғандықтан, сабақ барысында олармен жұмыс істеу қызықты болды. Сабақ соңында оқушылар сабақтың қызықты болғанын атап өтіп, кері байланыс берді.

Қолданылып жатқан қашықтықтан оқыту әдістемесінің тиімділігін білу мақсатында оқушылардан қалыптастырушы кезеңде аралық емтихандар алынды. Бақылау жұмысы қараша айының басында алынды. Тест жұмысына 1 пар сабақ уақыт берілді. Тест жұмысы бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар, бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары және ашық тапсырмалардан тұрады. Жалпы 25 тест тапсырмасы берілді.



Сурет 18 - Joo.kz платформасындағы география пәні сабақтары

Үшінші кезеңде біз алынған нәтижелерге салыстырмалы талдау жасадық. Диагностикалық сипаттағы әзірленген тапсырмалардан басқа, біз келесі әдістерді қолдандық: педагогикалық бақылау, оқу пәні – география материалында оқушылардың зерттеу қызметінің өнімдерін талдау. Экспериментіміз аяқталғаннан кейін оқушылардан қорытынды бақылау жұмысы алынды. Бақылау жұмысы 2023 жылдың 20-желтоқсанда алынды. Тест жұмысына 1 сабақ уақыт берілді. Тест жұмысы бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар, бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары және ашық тапсырмалардан тұрады. 25 тест тапсырмасы берілді.

Төмендегі кестеде география сабақтарында 9-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы берілген. Мұнда әр сыныптан 15 оқушыдан, жалпы барлығы 60 оқушы. Кестеде анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерге сәйкес алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі тіркеліп, қай деңгейде қанша оқушы екені көрсетілген. Бұл жалпы зерттеу барысында оқушылардың зерттеу дағдылары қаншалықты деңгейде дамығандығын көрсететін ақпарат болып табылады.

Кесте 7 - География сабақтарында 9-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (60 оқушы)

Жұмыс кезеңі			Анықтаушы кезең	Қалыптастырушы кезең	Қорытынды кезең
Базалық деңгей	9 «А» - офлайн экс. топ	Оқушы саны	8	6	5
		%	53,3%	40%	33,3%
	9 «Б» - офлайн бақ. тобы	Оқушы саны	9	7	8
		%	60%	46,7%	53,3%

	9 «В» - онлайн экс. топ	Оқушы саны	11	9	8
		%	73,3%	60%	53,3%
	9 «Д» - онлайн бақ. тобы	Оқушы саны	11	10	10
		%	73,3%	66,7%	66,7%
Жетілдірілген деңгей	9 «А» - офлайн экс. топ	Оқушы саны	7	8	7
		%	46,7%	53,3%	46,7%
	9 «Б» - офлайн бақ. тобы	Оқушы саны	6	7	6
		%	40%	46,7%	40%
	9 «В» - онлайн экс. топ	Оқушы саны	4	5	5
		%	26,7%	33,3%	33,3%
	9 «Д» - онлайн бақ. тобы	Оқушы саны	4	5	4
		%	26,7%	33,3%	26,7%
Жоғары деңгей	9 «А» - офлайн экс. топ	Оқушы саны	0	1	3
		%	0%	6,7%	20%
	9 «Б» - офлайн бақ. тобы	Оқушы саны	0	1	1
		%	0%	6,7%	6,7%
	9 «В» - онлайн экс. топ	Оқушы саны	0	1	2
		%	0%	6,7%	13,4%
	9 «Д» - онлайн бақ. тобы	Оқушы саны	0	0	1
		%	0%	0%	6,7%

Кестеден көрініп тұрғандай, бақылау топтарына қарағанда эксперименттік топ оқушыларының зерттеу дағдыларының оң динамикасы байқалады. Алайда, онлайн мен офлайн эксперименттік топтарын салыстыра келе келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Екі топта да базалық деңгейдегі оқушылар саны 20%-ға кеміген;
2. Офлайн оқушылары жетілдірілген деңгей бойынша онлайнға қарағанда 2 оқушыға артық;
3. Жоғары деңгей бойынша да офлайн эксперименттік топ алда келуде, онлайн эксперименттік топтан 6,7%-ға артық.

Екі бақылау топтарын салыстыратын болсақ, офлайн тобы алда екенін көруге болады. Екі топта да базалық деңгей оқушылар саны 1-ге кеміген, бірақ пайыздық үлес бойынша онлайн топта бұл деңгейдегі оқушылар көбірек. Жетілдірілген деңгей бойынша онлайн топ 20%-ға қалуда, ал жоғары деңгей бойынша екі топта да оң динамика бар. Әрбір топта мұндай оқушылар саны 1-ге тең.

Төмендегі диаграммалардан осы кестедегі ақпаратты салыстырмалы түрде гистограмма арқылы көруге болады.




Диаграмма 1 - География сабақтарында 9-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (базалық деңгей)




Диаграмма 2 - География сабақтарында 9-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (жетілдірілген деңгей)




Диаграмма 3 - География сабақтарында 9-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (жоғары деңгей)

Төмендегі кестеде география сабақтарында 10-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы берілген. Мұнда әр сыныптан 15 оқушыдан, жалпы барлығы 60 оқушы. Кестеде анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерге сәйкес алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі тіркеліп, қай деңгейде қанша оқушы екені көрсетілген. Бұл жалпы зерттеу барысында оқушылардың зерттеу дағдылары қаншалықты деңгейде дамығандығын көрсетеді.

Кесте 8 - География сабақтарында 10-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (60 оқушы)

Жұмыс кезеңі			Анықтаушы кезең	Қалыптастырушы кезең	Қорытынды кезең
Базалық деңгей	10 «А» - офлайн экс. топ	Оқушы саны	9	7	6
		%	60%	46,7%	40%
	10 «Б» - офлайн бақ. тобы	Оқушы саны	8	10	9
		%	53,3%	66,7%	60%
	10 «В» - онлайн экс. топ	Оқушы саны	11	9	9
		%	73,3%	60%	60%
	10 «Д» - онлайн бақ. тобы	Оқушы саны	12	10	11
		%	80%	66,7%	73,3%
Жеті лдірі	10 «А» - офлайн экс. топ	Оқушы саны	4	5	6
		%	26,7%	33,3%	40%

	10 «Б» - офлайн бақ. тобы	Оқушы саны	6	4	5
		%	40%	26,7%	33,3%
	10 «В» - онлайн экс. топ	Оқушы саны	4	6	5
		%	26,7%	40%	33,3%
	10 «Д» - онлайн бақ. тобы	Оқушы саны	3	5	4
		%	20%	33,3%	26,7%
Жоғары деңгей	10 «А» - офлайн экс. топ	Оқушы саны	1	3	3
		%	6,7%	20%	20%
	10 «Б» - офлайн бақ. тобы	Оқушы саны	1	1	1
		%	6,7%	6,7%	6,7%
	10 «В» - онлайн экс. топ	Оқушы саны	0	0	1
		%	0%	0%	6,7%
	10 «Д» - онлайн бақ. тобы	Оқушы саны	0	0	0
		%	0%	0%	0%

Кестеден көрініп тұрғандай, эксперименттік топ оқушыларының зерттеу дағдыларының оң динамикасы байқалады. Алайда, онлайн мен офлайн эксперименттік топтарын салыстыра келе келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Офлайн эксперименттік топта базалық деңгейдегі оқушылар пайызы 20%-ға кеміген, ал онлайн эксперименттік топта 13,3%-ға азайды;

2. Анықтаушы кезеңде екі топ та да жетілдірілген деңгейдегі оқушылар саны бірдей болды, 4 оқушыдан. Ал қорытынды кезеңде офлайн топта бұл деңгейге өткен тағы 2 оқушы қосылды, ал онлайн топта 1 оқушыға артты.

3. Жоғары деңгей бойынша да офлайн эксперименттік топ алда келуде, онлайн эксперименттік топтан 13,3%-ға артық.

Екі бақылау топтарын салыстыратын болсақ, офлайн тобында базалық деңгейдегі оқушылар саны онлайн топқа қарағанда көп болғанымен, онлайн топта оң динамика бар. Қорытынды кезеңде анықтаушы кезеңге қарағанда базалық деңгейдегі оқушылар саны онлайн топта 12-ден 11-ге түскен. Ал офлайн топта, керісінше, 8-ден 9-ға көтерілген. Жетілдірілген деңгей бойынша да тура осы нәтижелер байқалады. Ал жоғары деңгей бойынша ешқандай өзгеріс жоқ. Бастапқыда бала саны қандай қорытынды кезеңде де тура солай болды.

Төмендегі диаграммалардан осы кестедегі ақпаратты салыстырмалы түрде гистограмма арқылы көруге болады.




Диаграмма 4 - География сабақтарында 10-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (базалық деңгей)




Диаграмма 5 - География сабақтарында 10-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (жетілдірілген деңгей)




Диаграмма 6 - География сабақтарында 10-сыныптардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру динамикасы (жоғары деңгей)


Жалпы біздің эксперимент жұмысымыз онлайн және офлайн форматта жүргізілді. Екі оқыту форматында да эксперименттік топтарға қашықтықтан оқыту әдістемесі қолданылды. Екі оқыту форматында да оқушылар екі топқа бөлініп, барлығы төрт топ болды. Бірі (онлайн форматта 1 топ, офлайн форматта 1 топ) – бақылау тобы, мұнда дәстүрлі оқыту түрі жүргізілді. Екіншісі – эксперименттік топ (онлайн форматта 1 топ, офлайн форматта 1 топ). Мұнда қашықтықтан оқыту әдістемесі жүргізілді. Жүргізілген зерттеу жұмысымыздың қорытынды нәтижесі төменде келтірілген.

Кесте 9 - Офлайн және онлайн оқытуға байланысты зерттеу жұмысының қорытындысы

Онлайн оқыту		Офлайн оқыту	
9-сыныптар	10-сыныптар	9-сыныптар	10-сыныптар

Эксперименттік топтар	1. базалық деңгейдегі оқушылар саны 20%-ға кеміген;	1. базалық деңгейдегі оқушылар пайызы 13,3%-ға азайды; 2. анықтаушы кезеңде екі топта да жетілдірілген деңгейдегі оқушылар саны бірдей болды, 4 оқушыдан. 3. Ал қорытынды кезеңде жетілдірілген деңгейге өткен 1 оқушы болды.	1. базалық деңгейдегі оқушылар саны 20%-ға кеміген; 2. офлайн оқушылары жетілдірілген деңгей бойынша онлайнға қарағанда 2 оқушыға артық; 3. жоғары деңгей бойынша да офлайн эксперименттік топ алда келуде, онлайн эксперименттік топтан 6,7%-ға артық.	1. базалық деңгейдегі оқушылар пайызы 20%-ға кеміді; 2. анықтаушы кезеңде екі топ та да жетілдірілген деңгейдегі оқушылар саны бірдей болды, 4 оқушыдан. Ал қорытынды кезеңде офлайн топта жетілдірілген деңгейге өткен тағы 2 оқушы қосылды. 3. Жоғары деңгей бойынша да офлайн эксперименттік топ алда келуде, онлайн эксперименттік топтан 13,3%-ға артық.
Бақылау тобы	Екі топта да базалық деңгей оқушылар саны 1-ге кеміген, бірақ пайыздық үлес бойынша онлайн топта бұл деңгейдегі оқушылар көбірек. Жетілдірілген деңгей бойынша онлайн топ 20%-ға қалуда, ал жоғары деңгей бойынша топта оң динамика бар. Топта бұл деңгейдегі оқушылар саны 1-ге тең.	Базалық деңгейдегі оқушылар саны онлайн топқа қарағанда көп болғанымен, онлайн топта оң динамика бар. Қорытынды кезеңде анықтаушы кезеңге қарағанда базалық деңгейдегі оқушылар саны онлайн топта 12-ден 11-ге түскен. Жетілдірілген деңгей бойынша да тура осы нәтижелер байқалады.	Екі топта да базалық деңгей оқушылар саны 1-ге кеміген. Жоғары деңгей бойынша топта оң динамика бар. Топта мұндай оқушылар саны 1-ге тең.	Базалық деңгейдегі оқушылар саны онлайн топқа қарағанда көп болғанымен, онлайн топта оң динамика бар. Қорытынды кезеңде анықтаушы кезеңге қарағанда базалық деңгейдегі оқушылар саны 8-ден 9-ға көтерілген. Жетілдірілген деңгей бойынша да тура осы нәтиже байқалады.

Қашықтықтан оқытудың онлайн және офлайн форматтарын эксперименттік салыстыру барысында мынадай нәтижелер анықталды (19-сурет).



Сурет 19 - Қашықтықтан оқытудың онлайн және офлайн форматтарын эксперименттік салыстыру

Жалпы, 9-кесте мен 19-суретті негізге ала отырып зерттеу жұмысымызға келесі қорытынды жасалды:

1. Қашықтықтан оқыту технологиясын Қазақстан географиясы сабақтарында қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытады;

2. Онлайн оқыту офлайн оқытудың орнын толықтай баса алмайды, бірақ қажеттілік туындаған жағдайда орнын алмастыра алады.
3. Онлайн оқытудың толықтай тиімділігіне мынандай кедергі факторлар себеп болды. Мысалы, жеке компьютердің немесе ноутбуктің болмауы оқушылардың онлайн сабақтарға қатысу мүмкіндігін айтарлықтай шектеді.
4. Онлайн форматта оқушылардың тапсырмаларды кейінге қалдыруға көбірек мүмкіндіктері болғандықтан, үй жұмысын жасауды кешіктірген жағдайлар да болды және бұл оқу процесіне кедергі келтірді.

Қорытындылай келе, онлайн және офлайн форматтар арасындағы таңдау оқу процесінің нақты шарттары мен қажеттіліктеріне негізделуі керек. Екі әдіс те максималды тиімділікке жету үшін мұқият жоспарлау мен ұйымдастыруды қажет етеді. Онлайн оқыту оқушылардың белсенді қатысуына және кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталған технологиялар мен әдістерді дұрыс пайдаланған жағдайда тиімді болады.

Means, B., Toyama, Y., Murphy, R., Bakia, M., & Jones, K. «The Effects of Online and Traditional Face-to-Face Instruction on Student Learning Outcomes» атты зертеуінде онлайн және офлайн форматтағы оқытуды зерттеген [142]. Зерттеудің мақсаты онлайн және дәстүрлі офлайн оқыту арасындағы айырмашылықтар оқушылардың әртүрлі пәндік салалардағы үлгеріміне қалай әсер ететінін анықтау болды. Зерттеу АҚШ-тың әртүрлі оқу орындарынан, соның ішінде орта және жоғары оқу орындарынан келген 1000-нан астам білім алушының деректерін талдады.

Оқыту әдістері:

Онлайн оқыту: бейне дәрістерді, интерактивті тапсырмаларды және талқылау форумдарын қоса алғанда, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану.

Офлайн оқыту: білім алушылар мен оқытушылардың тікелей өзара әрекеттесуі бар сыныптардағы дәстүрлі сабақтар.

Бағалау критерийлері:

- Қорытынды емтихандар бойынша бағалар.
- Оқушылардың оқуына қатысты өзін-өзі бағалауы.
- Жеке пәндер бойынша үлгерімді салыстыру.

Зерттеудің ұзақтығы: бір оқу семестрі.

Нәтижелер:

- Офлайн оқытын білім алушылар онлайн форматтағы білім алушыларға қарағанда қорытынды емтихандарда орта есеппен 10% жақсы нәтиже көрсетті.
- Онлайн білім алушылар оқу материалдарының икемділігі мен қолжетімділігіне жоғары қанағаттанушылықты атап өтті.
- Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінде (математика, физика) үлгерімдегі айырмашылық ең айқын болды.

Зерттеу көрсеткендей, онлайн оқыту тиімділігі бойынша дәстүрлі офлайн оқытумен салыстыруға ғана емес, сонымен қатар оны бірқатар көрсеткіштер бойынша, әсіресе білім алушыларға ыңғайлылық пен икемділік тұрғысынан, сондай-ақ әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану мүмкіндігі бойынша басып оза алады.

Біздің зерттеу мен Means, B., Toyama, Y., Murphy, R., Bakia, M., & Jones, K. Зерттеуін салыстыратын болсақ, айта кету керек, біздің зерттеуде онлайн және офлайн оқытуда да Қазақстан географиясын оқытуда авторлық методика және интерактивті оқыту құралдары қолданылды. Алайда екі форматта бақылау топтарында оқыту дәстүрлі форматта жүрді. Біздің зерттеуде егер де тиімділігі жағынан алатын болсақ, келесі қорытынды жасауға болады:

1. Офлайн оқыту + қашықтықтан оқыту әдістемесі: бұл комбинация бейне дәрістер, интерактивті ойындар мен тапсырмалар, онлайн тестілеу және электрондық білім беру ресурстарын пайдалану сияқты қашықтықтан оқыту элементтерін қолдана отырып, дәстүрлі бетпе-бет сабақтарды пайдалануды қамтиды.

2. Онлайн оқыту + қашықтықтан оқыту әдістемесі: толығымен онлайн форматты қашықтықтан оқыту әдістерімен үйлестіру тәсілі болып табылады.

3. Офлайн оқыту + дәстүрлі оқыту: офлайн форматтың дәстүрлі әдістермен үйлесуі – бұл физикалық топтағы дәрістер мен практикалық сабақтарды қамтитын білім берудің классикалық тәсілі.

4. Онлайн оқыту + дәстүрлі оқыту: бұл опция онлайн форматқа бейімделген дәстүрлі оқыту әдістерін қолдануды қамтиды. Толығымен офлайн дәстүрлі оқыту сияқты, бұл жерде курстың құрылымдылығын сақтау, оқу жоспарын нақты орындау және тұрақты онлайн кездесулердің болуы маңызды.

Ал біз қарастырған зерттеуде, дәстүрлі офлайн оқыту мен онлайн оқыту салыстырылған. Сондықтан онлайн оқытудың тиімділігін атап өттік.

Қорытындылай келе, жалпы оқыту әдістемесін таңдау оның нақты мақсаттары мен шарттарына негізделуі керек. Әр түрлі формалар мен әдістердің үйлесімі оқушылардың кең ауқымының қажеттіліктері мен қалауларын қанағаттандыра алатын оңтайлы білім беру бағдарламасын құруға мүмкіндік береді.

3.4 Географияны оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануды оңтайландыру бойынша ұсыныстар

Технология бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатқан қазіргі әлемде білім беру жүйесі жаңа жағдайлар мен қиындықтарға бейімделу қажеттілігіне тап болады. Соңғы жылдары кеңінен таралған қашықтықтан білім беру оқыту мен дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Бұл әсіресе географияны оқытуға қатысты-теориялық білімді ғана емес, сонымен

катар талдаудың, зерттеудің және сыни ойлаудың практикалық дағдыларын қажет ететін пән.

Жобалау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Қашықтықтан оқыту технологиялары оқушылардың жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға кең мүмкіндіктер ашады. Географиялық мәселелерді зерттеуге, әлемнің әртүрлі аймақтарындағы экологиялық жағдайды талдауға немесе климаттық өзгерістердің әсерін зерттеуге байланысты жобаларды құру деректерді жинау және өңдеу, сауалнамалар жүргізу және нәтижелерді ұсыну үшін онлайн құралдарды қолдану арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл тәсіл сыни ойлау дағдыларын, ақпаратпен жұмыс істеу және өз жұмысының нәтижелерін ұсыну қабілетін дамытуға ықпал етеді [205].

Білім беру платформалары мен онлайн курстарды пайдалану.

Әр түрлі білім беру платформалары мен онлайн курстар география бойынша көптеген материалдарды ұсынады. Оларды оқу процесіне біріктіру оқушыларға осы ғылымның қызығушылық аспектілерін зерттеуге тереңірек үңілуге, жетекші сарапшылардан қосымша білім алуға және оларға ыңғайлы қарқынмен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді және тұрақты оқуды ынталандырады [206].

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру.

Қашықтықтан білім беру технологияларымен жұмыс істеу барысында білім алушылар сөзсіз цифрлық сауаттылықты дамытады – деректерді іздеу, талдау және ұсыну үшін ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мүмкіндігі. Бұл дағдыларды игеру қазіргі білім берудің және ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындықтың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануды оңтайландыру географияны оқыту процесінде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Заманауи технологиялық шешімдерді енгізу және бейімдеу білім беру процесінің сапасы мен қолжетімділігін айтарлықтай жақсарта алады [207]. Міне, осы технологияларды пайдалануды оңтайландыру бойынша бірнеше нұсқаулар:

1. Интерактивті ресурстарды біріктіру

Интерактивті карталарды, виртуалды экскурсияларды және онлайн зертханаларды пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын едәуір арттырып, материалды жақсы игеруге ықпал етеді. Бұл құралдар білім алушыларға географиялық нысандар мен процестерді көрнекі түрде зерттеуге, виртуалды зерттеулер мен эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді [208, 93 б].

2. Модульдік онлайн курстарды әзірлеу

Қашықтықтан оқыту платформаларын қолдана отырып, модульдік география курстарын құру оқу процесін құрылымдауға көмектеседі және оны икемді және қол жетімді етеді. Әрбір модуль зерттеудің жеке тақырыбына немесе аспектісіне арналуы мүмкін, бейне дәрістермен, өзін-өзі тексеруге

арналған тесттермен және зерттеу жұмыстарына арналған тапсырмалармен бірге жүруі мүмкін.

3. Бұлтты технологияларды қолдану

Бұлтқа негізделген ынтымақтастық қызметтері мен құралдары (Google Docs, Trello, Slack) білім алушылар мен оқытушыларға ғылыми жобаларды дайындау және орындау процесінде тиімді өзара әрекеттесуге, деректер мен зерттеу нәтижелерімен алмасуға және құжаттар мен презентацияларда бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

4. Форумдар мен талқылауларды пайдалану

Курстың негізгі тақырыптары бойынша онлайн форумдар мен пікірталастарды ұйымдастыру оқушылардың сыни ойлауы мен аналитикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Пікір алмасу және әртүрлі мәселелерді талқылау тақырыпты терең түсінуге және өз көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді [209].

5. Мультимедиа мен бейнематериалдарды қолдану

Бейнематериалдарды, подкасттарды және инфографиканы пайдалану оқуды көрнекі және қызықты етеді. Географиялық құбылыстар мен процестерді талдайтын бейнероликтер жасау, сарапшылармен және ғылыми қызметкерлермен сұхбат білім алушылардың география мен зерттеу қызметін зерттеуге деген ынтасын арттыра алады [210].

6. Вебинарлар мен онлайн кездесулерді ұйымдастыру

Сарапшыларды, ғалымдар мен зерттеушілерді тарта отырып, вебинарлар мен онлайн-кездесулер өткізу оқушыларға жетекші мамандардан өзекті білім алуға, қызықтыратын сұрақтар қоюға және өздерінің зерттеу жобаларын талқылауға мүмкіндік береді [211].

7. Бағалау және фидбек

Қашықтықтан оқыту тиімділігінің маңызды аспектісі оқытушылардан уақтылы және сындарлы кері байланыс болып табылады. Жұмысты бағалау және фидбекті қамтамасыз ету үшін цифрлық платформаларды пайдалану білім алушыларға жақсарту үшін олардың күшті жақтары мен бағыттарын түсінуге көмектеседі [212, 233 б].

Бейнеконференция технологиясын қолдану тәжірибесіне сүйене отырып жоғары сыныптарда география пәнін оқытуда, бейнеконференция аясында сабақ жүргізу үшін мұғалімге арналған іс-әрекеттер нұсқаулығын да анықтадық [213, 94 б]:

1. Топтарда карта жаттау жаттығуларын орындау үшін жеке жиналыстар (арналар) құру;

2. Сөйлеу жаттығуларын, презентацияларды, жобаларды белсенді пайдалану, рөлдік ойындар өткізу, дауыстап оқу, теорияны бекіту үшін ауызша сауалнама жүргізу;

3. Оқушылар кез келген уақытта сабақты қайталап қарап, өз бетінше ізденуі үшін арнайы карталар, оқу құралдары, презентация, лекция, алдын ала түстірілген видеолармен қамтамасыз ету.

4. Ауызша оқыту құралдарының форматының өзгеруіне байланысты оқушының сөйлеу дәлдігін бағалау мүмкіндігін, кері байланысын

ұйымдастыруға арналған платформа құралдарымен танысу. Сөйлеу, түсіндіру, жауап беру интерактивті құралдар арқылы жүзеге асырылатындығын есте сақтау қажет.

5. Тапсырмаларды орындау, қайталау үшін «Kahoot», «Quizizz» бағдарламаларын қолдану.

6. Бейнеконференцияларға арналған платформа ретінде "Skype", "Microsoft Teams", Google платформаларын, Office 365 қызметтері, "Whatsapp" қолданған тиімді.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалануды оңтайландыру тек техникалық шешімдерді ғана емес, сонымен қатар оқытушылар тарапынан әдістемелік қолдауды қажет етеді. Осы ұсыныстарды енгізу география бойынша білім берудің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға көмектеседі, сондай-ақ оқушылардың зерттеу дағдыларын тереңірек және жүйелі қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Қашықтықтан білім беру технологиялары Қазақстан мұғалімдері мен оқушыларының алдында географияны зерттеуде жаңа көкжиектер ашатынын атап өтуге болады. Интерактивті карталардың, ГАЖ технологияларының, виртуалды экскурсиялардың және онлайн ресурстардың кең ауқымының арқасында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктері айтарлықтай кеңеюде.

Мұндай технологияларды қолдану Қазақстанның бірегей табиғи, тарихи және мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл сыни ойлауды, аналитикалық қабілеттерді және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Қашықтықтан білім беру оқу ортасымен жеке байланыстың жоқтығын өтеп қана қоймайды, сонымен қатар оқу процесін байытады, оны икемді, қолжетімді және интерактивті етеді.

Алайда, максималды тиімділікке қол жеткізу үшін мұғалімдердің қашықтықтан оқыту технологияларымен жұмыс істеуге сапалы дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ география саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған оқу материалдары мен бағдарламаларын әзірлеу және бейімдеу қажет. Сондай-ақ барлық оқушылардың қажетті ресурстарға қол жеткізуі үшін жағдай жасау маңызды, бұл білім беру мекемелерінің де, білім беру және цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясаттың да міндеті болып табылады [214, 69 б].

Теориялық зерттеу барысында біз қашықтықтан оқыту дегеніміз - мұғалім оқушылармен әр түрлі байланыс түрлері арқылы қашықтықта өзара әрекеттесетін оқу процесінің бір түрі екеніне көз жеткіздік. Делдалдық қарым – қатынас, өз кезегінде, аудио, видео, баспа мәтіні және т.б. форматында екі жақты ақпарат алмасу ретінде ұсынылады [215, 313]. Өзінің ерекшеліктеріне қарамастан, қашықтықтан оқыту дәстүрлі оқу процесі сияқты компоненттермен сипатталады - бұл білім беру мақсаттары мен міндеттері, оқу бағдарламалары мен әдістемесі. Жалғыз айырмашылық-сабақты қашықтықтан өткізу формасы.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау және өзінің педагогикалық тәжірибесі үш педагогикалық шартты бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, оларды есепке алу кезінде жалпы білім беретін мектепте электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып білім беру бағдарламаларын іске асыру процесі табысты болады:

1. Педагогтерді даярлау және кәсіби дамыту

Электрондық оқыту мен қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді енгізу мұғалімдерді даярлаудан басталады. Мұғалімдер білім беру процесінде технологияны қолдану негіздерімен жақсы таныс болып қана қоймай, оларды оқушылардың материалды терең игеруіне ықпал ететін етіп біріктіре білуі керек. Мұғалімдерді оқыту цифрлық оқу материалдарын, онлайн оқыту әдістемесін, цифрлық ортада сыныпты басқаруды және интерактивті онлайн платформаларды тиімді пайдалануды қамтуы керек.

2. Технологиялық инфрақұрылым және ресурстарға қол жетімділік

Қашықтықтан оқытудың жетістігі көбінесе мектепте де, оқушылардың үйлерінде де технологиялық инфрақұрылымның болуы мен сапасына байланысты. Бұған жоғары жылдамдықты интернет пен компьютерлер немесе планшеттер ғана емес, сонымен қатар білім беру платформалары мен ресурстарына қол жетімділік кіреді. Барлық оқушылар мен мұғалімдерді қажетті жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен қамтамасыз ету білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және цифрлық алшақтықты азайту үшін маңызды шарт болып табылады.

3. Оқушыларды белсенді тарту және мотивацияны қолдау

Қашықтықтан оқыту білім алушылардан жоғары дәрежелі тәуелсіздік пен мотивацияны талап етеді. Мұғалімдерге оқушыларды оқу процесіне белсенді түрде тартатын, олардың қызығушылығы мен оқуға деген ұмтылысын ынталандыратын білім беру бағдарламалары мен әдістерін әзірлеу маңызды. Бұған интерактивті тапсырмалар, жобалық жұмыс, топтық онлайн талқылаулар, ойын элементтері және медианы пайдалану кіреді. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің күш-жігерін мойындайтынын және қолдайтынын сезінуі үшін кері байланыс пен қолдау тетіктерін қамтамасыз ету маңызды [216].

Осы шарттарды тексеру жалпы білім беретін мектепте қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс шеңберінде жүргізілді, Алматы қаласындағы JOO High School Almaty мектебінің базасында өтті. Зерттеу үлгісін 9-10 сынып оқушылары 120 адамнан құрады.

Қорытынды тестілеу эксперименттік сыныпта география сабақтарында зерттеушілік дағдыларды меңгеру деңгейін арттыруға көмектесті. Жалпы зерттеу жұмысымызға келесі қорытынды жасалды:

Қашықтықтан оқыту технологиясын Қазақстан географиясы сабақтарында қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытады;

Қажеттілік туындаған жағдайда офлайн оқытуды қашықтықтан оқыту әдістемесімен алмастыру тиімді деп қорытынды жасаймыз.

Офлайн оқытудан онлайн оқытудың көрсеткіштері салыстырмалы түрде аз болуындағы кедергі факторлар болды. Мысалы, жеке компьютердің немесе ноутбук, ұялы телефонның болмауы оқушылардың онлайн сабақтарға қатысу мүмкіндігін айтарлықтай шектеді.

Туындаған кедергілердің бірі оқушылардың сабақта қалай отырғандығын тікелей бақылау жасай алмау. Бұл да оқу процесіне кедергі келтірді.

Онлайн форматта оқушылардың тапсырмаларды кейінге қалдыруға көбірек мүмкіндіктері болғандықтан, үй жұмысын дедлайннан кешіктіріп жіберу орын алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғазы А.Қ. Қашықтықтан оқыту – заман талабы. Новая наука: Современное состояние и перспективы развития. 2021. 165-170 бб
2. О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 марта 2015 года № 137 «Об утверждении Правил организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025038>
3. Кендірбай А.М., Турганбаева А.А. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту. //Вопросы науки и образования: теоретические и практические аспекты, 2022. 121-127 бб. URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_49441358_42252786.pdf
4. Пасичник И.В. Формирование у учащихся универсальных учебных действий в процессе проектной деятельности. Современная высшая школа: инновационный аспект. 2012. №3. 114-122 с.
5. Семенова Н.А. Исследовательская деятельность учащихся [Текст] / Н.А. Семенова // Начальная школа. - 2007. - №2. - с. 45
6. Рогачева Е.Ю. «Немецкий Дьюи» Георг Кершенштейнер. Издательство: Государственное автономное учреждение дополнительного профессионального образования «Волгоградская государственная академия последипломного образования». 2022. 117-124 с. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=49477599>
7. Thomassen, A.O. and Jorgensen, K.M. (2021), «John Dewey and continuing management education: problem-based learning for organizational sustainability», Journal of Workplace Learning, Vol. 33 No. 3, pp. 229-242. <https://doi.org/10.1108/JWL-05-2020-0080>
8. Pomelov V. B. Helen Parkhurst: the first female performer in the field of organization of education. Perspektivy nauki i obrazovaniya – Perspectives of Science and Education. 2022. 56 (2), 523-533. doi: 10.32744/pse.2022.2.31
9. Бобырев А.В. Исторические аспекты развития проблемного обучения. Педагогика и современность. № 6 (20). 2015. 12-22 с
10. Попов Л.В., Розов Н.Х. Педагогическое наследие М.В. Ломоносова. Образование от М.В. Ломоносова до наших дней / Под ред. В.А. Садовниченко. – М.: ООО Агентство «Мегаполис», 2011. – 200 с
11. Бакушкина Е.М. Педагогические взгляды Н. И. Пирогова. Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России, №4 (32). 2006. 380-384 с
12. Писарева Л. В. Детские интересы и их значение в педагогическом деле. – М., 1914
13. Березин Д. Т. Организация самостоятельной работы студентов в вузе. Социально-политические исследования – 2019 – № 3 (4). 73-86 с
14. Савенков А.И. Эффективная организация исследовательского обучения школьников. Народное образование. 2011. 173-181 с. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/effektivnaya-organizatsiya-issledovatel'skogo-obucheniya-shkolnikov-1>

15. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984.—345 с.
16. Обухов А.С. Развитие исследовательской деятельности учащихся. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Национальный книжный центр, 2015. – 280 с. ISBN 978-5-4441-0060-8
17. Выготский Л.С. Собрание соч./ Л.С Выготский. – М., 1982. – Т.2. – 251с.
18. Леонтович А.В. Исследовательская и проектная деятельность учащихся: сетевой подход. Науки об образовании. 2018. 116-121 с.
19. Слободчиков В. И. Исследовательская деятельность в контексте субъектнодеятельностного подхода. Исследовательский подход в образовании: проблема подготовки педагога. Научно-методический сборник. Том 1. Общероссийское общественное Движение творческих педагогов «Исследователь» ; Под общей редакцией А.С. Обухова. 2012.215-217 с.
20. Алексеев Н.Г., Леонтович А.В. Критерии эффективности обучения учащихся исследовательской деятельности. - Народное образование, 2001.
21. Саввичев А, Леонтович А. Исследовательская и проектная работа школьников. 5–11 классы. 2021. 161 с.
22. Кларин М. В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии (Анализ зарубежного опыта). – Рига: НПП «Эксперимент», 1995. – 176 с.
23. Рубинштейн М. М. Исследовательский метод в преподавании // Мир. 1926. № 5.
24. Lionarakis A. The theory of distance education and its complexity. 2008. URL: <https://old.eurodl.org/?p=archives&year=2008&halfyear=1&article=310>
25. Атанбаева Г.Қ., Бабашев А.М., Минимтаева Ж.С., Қырғызбай Н.Ж. Оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын арттырудың заманауи аспектілері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №2(76), 2023ж.39-44б
26. Садықова Б., Есназарова Ұ., Токбергенова А., Сублимация и девиация в системе дистанционного обучения и формирование личности // Педагогика и психология. – 2022. – № 2(51). – С.234–247: DOI: 10.51889/2022-2.2077-6861.26 [Электронный ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/783>
27. Есназарова Ұ.Ә. Разработка учебно-методического комплекса по курсу «География Республики Казахстан» (теория и практика). – Алматы, 2004 ж. 12 б.
28. Есназарова Ұ.Ә. Глобализация, регионализация и задачи географического образования «Ўзбекистон география жамияти ахбороти. 41жилд» ғылыми журналы. Сборник научных статьи. Тошкент-2013
29. Мухатаева Д.И., Жексембинова А.К. Проектная деятельность в условиях университета: опыт подготовки и включение //Наука и жизнь Казахстана. – 2020. – 5 (1). – С.199-205.

30. Барабанов В.В. В помощь учителю географии. – СПб. Владос, 2016. – 210 с.
31. Карбаева Ш.Ш., Абу А.С. Оқушылардың географиялық даярлығындағы зерттеу жұмыстарының рөлі //Жаратылыстану ғылымдары білімін жаңартылған мазмұны жағдайында модернизациялау: Халықаралық ғылыми-практик.конф.материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017. – 694 б.
32. Петрова Е.Ю. Методы географических исследований. Томский государственный педагогический университет (Томск). Учебное пособие – 2019. 40 с
33. Беловолова Е. Методика реализации практической направленности обучения географии в современной школе. монография / Е. А. Беловолова. - Москва : Прометей, 2013. - 144 с. URL: <https://znanium.ru/catalog/product/557003>
34. Жорокпаева М.Д., Абешова Н.М. Проблемалық оқыту технологиясы. Развитие современной науки: тенденции, проблемы, перспективы. 2020. 189-191 б. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=42739591>
35. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы, 2007. – 204 б.
36. Садықова Б.Б., Есназарова Ұ.Ә., Токбергенова А.А. География пәнін оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың инновациялық әдістері мен технологиялары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 301–313. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.24>
